



АҚМОЛА – ЫРЫСТЫ АЙМАҚ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола өңіріне жұмыс сапарымен барды. Мемлекет басшысының іссапары Қосшы қаласындағы 1500 орындық мектеп-гимназияны аралап көруден басталды.

БІЛІМДІ БАЛА – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Қосшы қаласының жана ауданында орналасқан мектеп «Болат Өтемұратов қорының» жеке инвестициясы есебі-

нен салынып, жергілікті білім бөлімінің басқаруына берілген.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасының стандарттарына сай бой көтерген білім ошағында қазіргі кезде екі ауысыммен 2700 бала оқиды. Мектепте 280 орындық акт залы, 360 орындық асхана, 2 спорт залы, информатика, химия, физика, биология, технология және музыка кабинеттері бар.

Мектеп директоры Дидар Асқарованың айтуынша, оқушылар тек білім

алып қана қоймай, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында спорт секцияларына және шахмат, тоғызқұмалақ, асық ату, би, хор, фортепиано, домбыра секілді үйірмелерге тегін қатыса алады.

Мемлекет басшысы роботты техника, мобилография, автомобиль жүргізуді виртуалды үйрену, шет тілі кабинеттерін, мектеп кітапханасын аралап көріп, ұстаздармен және оқушылармен әңгімелесті.

– Қазақстанның озық мемлекетке айналғанын қаласақ, осындай роботты техника сияқты бағыттарды үйрену керек. Бұл өте қажет. Балаларымыз әрқашан білімді болсын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ұжымға сәттілік тілеп, мектепке өзінің «Әке туралы ой-толғау» кітабын және Қазақстанда шығарылған автобус сыйға тартты.

(Жалғасы 2-бетте)



Бекарыс
НҰРИМАН,
PhD докторы,
ғалым-аудармашы:

«ҚҰТАДҒУ БІЛІК» – САЯСИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ЕҢБЕК

Биыл түрік халықтары тарихында ерекше із қалдырған екі еңбектің жазылғанына мың жылға жуық уақыт болыпты. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» дейтін сөздігінің жазылғанына 950 жыл болса, Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» атты еңбегін 955 жыл бұрын жазуды бастаған екен. Шығарманың Герат, Каир және Наманган нұсқалары бар. Әрине, қазақ «Құтадғу білікті» бұрыннан білсе керек, Құрбанғали Халид бұл еңбек жайлы атап өтіп, Шәкәрімнің де онымен таныс болғаны жайлы деректер сақталыпты.

Бергін келе Асқар Егеубаевтың аудармасы арқылы бүгінгінің қазағы еңбекпен қайта танысты. Бірақ PhD докторы, қауымдастырылған профессор Бекарыс Нұриман өлең түріндегі шығарманы қара сөзге айналдырған, еңбектің саяси қырына үңілгені бар. Біз жас ғалыммен сұхбаттасып, «Құтты біліктің» іс жүзінде құтты билік құруға үгіттейтін еңбек екеніне көз жеткіздік.

(Жалғасы 8-9-беттерде)

ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖАРЫСЫ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Зерттеушілер 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында әлемнің 97 мемлекеті бейбіт саясаттан алшақтай бастағанын анықтаған. 92 ел өз шекарасының сыртындағы қарулы қақтығысқа тікелей немесе жанама түрде қатысып жатыр.

6 »



ИТБАЛЫҚҚА ҚАУІП ҚАЙДАН?



14
БЕТ

ҚҰСТАРДЫҢ ЖҰМАҚ МЕКЕНІ



15
БЕТ

АҚМОЛА – ЫРЫСТЫ АЙМАҚ

Басы (1-бетте)

ҚАЛА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУЫН ТАПСЫРДЫ

Бұдан соң Президент елордаға іргелес орналасқан Қосшы қаласының инфрақұрылымдық даму жоспарымен танысты. Қосшы қаласының әкімі Гайдар Қасеновтің айтуынша, елді мекенге 2021 жылы облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілгеннен кейін тұрғындар саны 110 мың адамға жеткен.

Жалпы, қаланың бас жоспары аясында 1,5 миллион шаршы метр тұрғын үй мен 45 әлеуметтік нысанның құрылысы жоспарланған.

Соңғы екі жылда қалада үш мектеп пайдалануға берілді. Тағы бір мектеп құрылысы аяқталуға жақын. Алдағы уақытта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында үш білім ошағын, сондай-ақ екі балабақша салу көзделген.

Денсаулық сақтау саласында бір мемлекеттік емхана, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде екі емхана жұмыс істейді.

Қала әкімі қазір жекеменшік инвестиция есебінен жанында 1000 келушіні қабылдайтын емханасы бар 300 орындық көпбейінді аймақтық аурухана салынып жатқанын жеткізді. Жаңа ауруханада терапия, онкология, неврология және перзентахана бөлімшелері болады. Медициналық мекеме тек Қосшы халқына ғана емес, жақын маңдағы аудандардың тұрғындарына да қызмет көрсетеді деп жоспарланып отыр.

Биыл мамыр айында Alan денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Кешенде балаларға және ересектерге арналған бассейн, жаттығу және спорт залдары бар.

Ал Қосшы тұрғындарының игілігіне келесі жылы берілетін Қоғамдық мәдени-спорт орталығында интерактивті білім беру бөлімі, спорт залы, теннис, баскетбол, футбол, волейбол алаңдары, кинотеатр, көрме залы,



кітапхана, дәрісхана, амфитеатр ашылады.

Мемлекет басшысы Қосшы қаласында құрылыс жұмыстары қарқын ала бастағанын ескере отырып, облыс әкіміне елді мекендегі инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және газ құбырын тарту мәселелеріне айрықша мән беруді тапсырды.

ОТАНДЫҚ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІН ӨРКЕНДЕТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Қосшы қаласында биыл іске қосылған ІЛ-ТОВ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндіріс алаңын аралап көрді.

Кәсіпорында құс етін терең өңдеп, тез дайындауға болатын түрлі тағам шығарылады. Шикізат облыстағы құс фабрикаларынан жеткізіледі. Жартылай фабрикаттар ішкі нарықта ғана сатылмайды, сонымен қатар Еуразия экономикалық одағына мүше елдерге экспортталады.

Qazaqstan Investment Corporation қоры арқылы мемлекеттің қаржылай қолдауына ие болған жоба 85 жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр.

Кәсіпорын директоры Михаил Шейнкман бұл өндірістік кешеннің бастапқы кезеңі екенін айтты. Келешекте қосымша 10 миллиард теңге инвестиция тартып, жылына 10-12 мың тонна өнім шығару үшін екінші өндіріс желісін іске қосу, сондай-ақ мұздатылған бірінші және екінші тағамдар өндіретін комбинат салу көзделіп отыр.

Президент отандық тамақ өнеркәсібін дамыту маңызды екеніне тоқталып, мұндай кәсіпорындарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАССА ИГІ

Мемлекет басшысының Ақмола облысына жұмыс сапары Целиноград ауданындағы Родина ауылында жалғасты. Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдағы Мәдениет үйін

аралады. Жалпы, ауданы 1563 шаршы метрді құрайтын нысанда хореография және спорт залдары, дыбыс жазу студиясы мен үйірмелерге арналған кабинеттер бар. Мәдениет мекемесінің жанынан түрлі шығармашылық ұжымдар құрылған. Сонымен қатар бірнеше спорт үйірмесі жұмыс істейді. Оларға 400-ден астам ауыл тұрғыны қатысады.

Президентке «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэр серіктестіктің ауылда іске асырып жатқан әлеуметтік жобаларын таныстырды. Былтыр бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында компания Родина ауылының игілігіне 791 миллион теңге қаржы бөлген.

Мемлекет басшысы Мәдениет үйі өнерпаздарының «Достық шуағы» композициясын тамашалап, ауыл тұрғындарымен жүздесті.

— Сіздермен кездескеніме қуаныштымын. Ауылға арнайы келдім. Құрметті Иван Адамович Сауэрдің шаруашылығы жайында бұған дейін көп естіген болатын-

мын. Бірақ мұнда келіп, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысудың реті болмай жүр еді. Бұл — өте үлкен әрі барлық көрсеткіш бойынша үздік шаруашылық. Баршаның бақ-береке тілеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент Родина ауылының «Наша родина» супермаркетін, «Достық» саябағы мен жалпы орта білім беретін мектебін аралап көрді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы агроқұрылымның №1 сауын цехы мен сүт зауытына барды. Мұнда «GEA» фирмасының «Елочка» қондырғысы орнатылған. Аталған құрылғының көмегімен бір мезгілде 32 сырды қатар саууға мүмкіндік бар. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэр серіктестіктің сүт бағытында дамыту жоспары туралы баяндады. Сонымен қатар жаңа сауын цехы салынып жатқанын жеткізді.

Бұдан соң Президент Родина ауылындағы сүт зауытын аралап көрді. Мемлекет басшысына индустриаландыру бағдарламасы аясында іске қосылған нысандағы өндірістік процесс таныстырылды.

Заманауи қондырғылармен жабдықталған әрі озық еуропалық технологиямен жұмыс істейтін кәсіпорын тәулігіне 50 тонна сүт өндіреді. Сонымен қатар сүт өнімдерінің бірнеше түрін шығарады. Қазір мұнда 36 адам еңбек етеді. Президент зауыт жұмысшыларымен әңгімелесіп, «Родина» агрофирмасының үлгілі шаруашылық екенін айтып, жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыра беруге шақырды.

Жалпы, Ақмола облысында сүт өнімдерін шығаратын 15 кәсіпорын бар. Сонымен қатар өңірде 7 тауарлы сүт фермасы салынып жатыр. Осы бағыттағы жобаларды қаржыландыруға 13,3 миллиард теңге бөлінген.

АКСЕЛЕРАТОР – ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТЕТІГІ

Кеше Астанада БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу бағытында жұмысын бастаған Акселератордың SDG IMPACT REPORT 2024 жария есебі көпшілікке таныстырылды. Бұл – Сенаттың Жобалық кеңсесі, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысы әкімдігінің бірлескен бастамасы. Жоба аясында заңнаманы жетілдіру және өңірлерді орнықты дамыту жөніндегі практикалық шешімдер мен ұсыныстар топтамасы қарастырылды. Сараптамалық зерттеулерді талқылауға Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, халықаралық ұйымдардың Қазақстандағы өкілдіктерінің басшылары және зерттеу институттарының сарапшылары қатысты.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Сенаттың Қоғамдық жобалық кеңсесі мен Maqsut Narikbayev University бірлесіп іске асырған



Акселератор бірегей бастама екенін және ол елдің орнықты дамуына қатысты жаңа идеялар мен нақты ұсыныстар әзірлеуді көздейтінін айтты. Бұл бағыттағы жұмыстарға Мемлекет басшысы да баса мән беріп отыр.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шілденің аяғында Қазақстанның 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекітті. Аталған құжатта айқындалған тәсілдер негізінен ұлттық және өңірлік

денгейде Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді жеделдетуге арналған. Бұл ретте Акселератор Орнықты даму мақсаттарына түрлі бағытта қол жеткізудің тиімді тетігі екенін атап өткен жөн», — деді палата Спикері.

Көпшілікке таныстырылған SDG IMPACT REPORT 2024 жария есебі – Акселератордың 100 күнге жалғасқан жұмысының нақты нәтижесі. Есепте заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар

және Ақмола облысында іске асырылған пилоттық жобалар мен бастамалар жөнінде жобалық құжаттама қамтылған. Атап айтқанда, зерттеу топтары денсаулық сақтау, білім беру, экономикалық өсу, қалалардың тұрақты дамуы және тағы басқа салаларда сын-кәтер тудыруы мүмкін жағдайларды талдады. Жарияланған есеп ұсынылған бастамаларды Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссиямен бірлесіп жүзеге асыру барысында да айрықша мәнне ие.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев қоғамдық институттардағы сарапшыларды орнықты даму күн тәртібін іске асыруға жұмылдыру аса маңызды екенін және бұл бастамаға Талдау мектебі мен Сарапшылар клубы сияқты Сенат жанындағы жобалардың түлектері де қатысқанын тілге тиек етті.

«Алдымен, Орнықты даму мақсаттарының өңірлік деңгейде іске асырылуы өте маңызды. Акселератор жұмысының аяқталуына қарамастан, облыс әкім-

дігін және команда мүшелерін жобалардың іске асырылу тиімділігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп тұруға шақырамын. Іс-шараның қорытындысы бойынша қажет болған жағдайда тиісті өзгерістер енгіземіз немесе жаңа заңдар әзірлейміз. Мұндай жоба еліміздің басқа өңірлерінде де көптеген идеялардың ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сенат алдағы кезеңде де сындарлы бастамаларға жүйелі қолдау көрсетуге дайын», — деп Мәулен Әшімбаев жобаға қатысушыларға, волонтер-зерттеушілерге және сарапшыларға алғыс білдірді.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Закария, Ақмола облысының басшылығы, БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори, Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының тұрақты өкілі Катержина Вавьерниа, Парламент депутаттары және тағы басқа сарапшылар қатысты.

ДЕПУТАТТАР Өңір мәселелерімен танысты

Мәжіліс Төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Альберт Рау Қостанай облысына жұмыс сапары аясында Рудный қаласына барды. «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ автомобиль цехының карьерлік машиналарының жүргізушілерімен кездесуде депутат «AMANAT» партиясының сайлауалды уәделерін жүзеге асыру, жүргізушілердің мерзімінен бұрын зейнетке шығу құқығын қамтамасыз ету, сондай-ақ Рудный қаласының коммуналдық инфрақұрылымын жаңарту туралы айтты.

Зиянды өндірістерде жұмыс істейтіндер үшін зейнет жасын 55 жасқа дейін төмендету туралы заң осы жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгені белгілі. Бұл ретте қызметкерге зейнеткерлікке шығу немесе жұмыс бағытын өзгертіп, жеңіл жұмысқа көшу мүмкіндігі беріледі. Мәжіліс вице-спикері Альберт Рау ауыр жүк көліктерінің жүргізушілеріне арнайы әлеуметтік төлем алу құқығын қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы еңбек ұжымын хабардар етті.

— Мерзімінен бұрын зейнетке шығу мәселесі біздің партияның сайлауалды бағдарламасындағы басты мәселенің бірі болды, Президент заңға өткен жылдың соңында қол қойды. Сіздер «AMANAT» партиясына сенім білдірдіңіздер, ал біз өз уәделерімізді орындап жатырмыз. Биылғы жартыжылдықта мен салалық ведомстволармен кездесулер өткіздім, еліміздегі карьерлік ауыр жүк көліктері жүргізушілерінің санын есептеп, әрқайсысының жұмыс сағатын санадық. Заң бар, енді Еңбек министрлігінің бұйрығы қажет, бұл бюджет қаражатын жұмсауға әкеледі. Сондықтан қазір республикалық бюджеттік комиссияның келісімін алу үшін есептеулер жүргізілуде, бірақ қазірдің өзінде мәселенің оң шешілгенін айтуға болады. Мысалы, қазір еліміз бойынша шамамен 8 мың адам арнайы әлеуметтік төлемдер алып отыр, — деді Альберт Рау.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары жаңа Бюджет кодексі жобасы туралы да айтып берді. Депутаттар әрбір елді мекенде жеке табыс салығының толық көлемі, сондай-ақ шағын бизнестен түсетін пайда салығы осы елді мекеннің бюджетінде қалатындай түзелулерді мақұлдады. Осылайша, бұл кара-

жатты белгілі бір қала немесе ауылдың қажеттіліктеріне, жергілікті билік пен мәслихат депутаттарының шешімімен пайдалануға болады.

Сонымен қатар кездесуге қатысушылар жергілікті инженерлік және коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелерін талқылады.

— Қалаларға арналған біздің сайлауалды бағдарламамыздың негізгі тармақтарының бірі — коммуналдық инфрақұрылым. Рудныйда былтыр жылу желілерін реконструкциялауға алғашқы 4 млрд теңге бөлінді. Биыл да сол жұмыс шамамен 3-4 млрд теңгеге жалғасуда, оның ішінде қалалық желілерді жөндеу жұмыстары бар. Сондай-ақ жыл соңына дейін айналма жол мен көпір салуға тендер жарияланады, — деп атап өтті депутат.

Кездесу барысында Альберт Рау жиналғандарға Мәжіліс депутаттарының өткен сессияда атқарған жұмысы, Президенттің «Ұлттық қор — балаларға» бастамасын жүзеге асыру, құмар ойындарға қарсы күрес туралы қабылданған заң және қаржылық алаяқтарға қарсы іс-қимыл туралы айтып берді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болатбек Нажметдинұлы Шымкент қаласындағы №2 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына барды. Мәжілісмен орталық жұмысымен танысып, ұжыммен көлік иелеріне қызмет көрсетудің өзекті мәселелерін талқылады.

Шымкент қаласындағы орталық күніне 300-ге жуық адамға қызмет көрсетеді. Биыл 35 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетіп, 12 мыңға жуық жүргізуші куәлігін берген. Автодром жолдарымен жабдықталған



орталықта азаматтар жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық және практикалық емтихандар тапсырады, сонымен қатар медициналық тексеруден өтіп, көлігін қайта тіркей алады.

— Екі жыл бұрын біздің халыққа қызмет көрсету орталығындағы адамдардың ұзын-сонар кезегі көпке мәлім болды. Тіпті, кейбіреулер кезекке тұру үшін қоршаудың үстінен секіріп жатты. Бұл келеңсіз жайт Түркістан облысынан келген азаматтардың көп болуынан болды, кейін ол жақта халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. Бірақ қазір кезек азайған жоқ. Мекемеде компьютерлер жеткілікті секілді, дегенмен әлі де қағазбастылық мәселесі бар, — деді Шымкент қаласының тұрғыны Айдос Әбдіразақ.

Мәжіліс депутаты Болатбек Нажметдинұлы көлік иелері мен ХҚО қызметкерлерінің мәселелері мен ұсыныстарын тыңдады. Ол халыққа сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсетудің маңыздылығына тоқталды.

— Халық жалпы мемлекеттің жұмысын халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмысының сапасына қарап бағалайды. Қызметкерлердің ынтасын және кадрлық әлеуетін арттыру үшін соңғы екі жылда республика бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметкерлерінің еңбек-ақысы 100 пайызға көтерілді. Біз мамандардың еңбек жағдайын жақсартуды жалғастыра

береміз, бірақ олардың да жұмыс деңгейіне қойылатын талаптар артып келеді. Партиямыздың «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында мемлекет, қоғам және азамат арасындағы қарым-қатынасты барынша цифрландырудың, қызметтер алудың барлық сатысынан адам факторын алып тастаудың маңыздылығы ерекше атап өтілді, — деді депутат.

Болатбек Нажметдинұлы дайын құжаттарды беру секторының, операциялық залдың, автодромның және басқа да бөлімдердің жұмысымен танысты. Кездесу соңында депутат туындаған мәселелерді шешуге, оның ішінде мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарының балансында тұрған автодромдарды қаржыландыруға қатысты қажетті қолдау көрсетуге ықпал ететінін айтты.

Еске сала кетейік, 2023 жылдың соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мәселелері туралы заңға қол қойған болатын. Депутаттар бастамашы болған заң азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізе алатын халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлеріне тиісті жауапкершілік деңгейін қамтамасыз етеді, жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау механизмін енгізеді, сондай-ақ азаматтарға қосымша қызметтерді көрсетуге мүмкіндік береді.



«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ДӘСТҮРЛІ АКЦИЯҒА АЙНАЛДЫ

«Таза бейсенбі» акциясы Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында жаздың басында басталған болатын. Акция аясында су қоймаларын, ауылдар мен қалалардың аумақтарын тазарту, қоқысты жинау және сұрыптау жұмыстары ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның тарихи, мәдени, табиғи және тарихи ескерткіштерінің жағдайына қоғам назарын аудару да көзделіп отыр.



Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілік — «Адал азамат» тұлғасының ең маңызды қасиеттерінің бірі. Сондықтан тарихи ескерткіштерді сақтау мәселелеріне қоғам назарын аудару және жалпы тарихымызға, мәдениетімізге және табиғатымызға жауапты көзқарас қалыптастыру мақсатында «AMANAT» партиясының мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері ұлттық мұра объектілерін ластанудан және коқыстан тазартуға кірісті.

Мәселен, Ақтөбе облысында партия мүшелері XIX ғасырдың 30-жылдарындағы халық көтерілісінің көшбасшысы, ұлт батыры Исатай Тайманұлы кесенесінің

айналасын тазарту жұмыстарын ұйымдастырды.

«Исатай Тайманұлы — бұл біздің тарихымыздағы маңызды тұлғалардың бірі, қарапайым халықтың мүддесін қорғаушы, бостандық пен тәуелсіздік күрескері. Оның тағдыры — өз халқына қызмет етудің, жанқиярлықтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі. Өскелең буынның да оның кесенесіне тағзым етуі үшін біз, яғни Қазақстан жастары, оның ұрпағы ретінде сол тарихи кезеңнің оқиғаларын жадымыздан шығармауымыз керек», — дейді волонтер Айдар Қуанышбекұлы.

Жамбыл облысында партия белсенділері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген бірегей ескерткіш — Ақыртас қалашығын

ретке келтірді. Жамбыл аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков атап өткендей, Ақыртас — бұл тек біздің еліміздің ғана емес, шетелден келетін туристердің де зиярат ететін орны.

«Жұмысты бастамас бұрын біздің волонтерлер музей-қорық қызметкерлерінен қажетті нұсқаулықтан өтті. Біз аумақты жинап, археологиялық кешеннің қызметкерлеріне көмек көрсетеміз. Сонымен қатар біздің жас белсенділеріміз үшін туған өлке тарихын оқулықтан оқып қана қоймай, сол жерде желгі рухты сезіну арқылы тереңірек білуге мүмкіндік. Мен бұл жағымды акцияның қазақстандықтарды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіретініне сенімдімін», — деді ол.

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында «AMANAT» партиясының мүшелері «Таксай ханшайымы» кесенесінің аумағында тазалау жұмыстарын жүргізді. Белсенділер арам шөпті шауып, шамамен 2 тонна коқыс жинады. Мұнда 2012 жылы археологиялық жұмыстар кезінде «Таксай қорғанды кешені» деп аталған төрт қорғанның тұратын кешен табылған болатын. Бұл сармат дәуіріндегі ақсүйек әйелдің бейігі — «Алтын ханшайымы».

«Бұл ескерткіш Батыс Қазақстан тұрғындары үшін ғана емес, бүкіл республика үшін маңызды. Мұнда шамамен 1 мыңға жуық құнды тарихи артефакті табылған. Бұл жерге туристердің келуінен бөлек, мектеп оқушылары мен студенттерге ашық аспан астында экскурсиялар мен тарих сабақтары өткізіледі», — деді партияның Теректі аудандық филиалының атқарушы хатшысы Мирхат Ибраев.

Қарағанды облысында партия мүшелері Шахтинск қаласының жанындағы Долинка кентінде орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейінде болды. Түрлі деректерге сүйенсек, 1921-1954 жылдар аралы-

ғында тек Қазақстанның өзінде саяси баптар бойынша шамамен 100 мыңға жуық адам жазықсыз сотталып, оның 25 мыңға жуығы атылған. «AMANAT» партиясының Шахтинск қалалық филиалының төрағасы Ғалымтай Қаржасов атап өткендей, бұл баптарды сақтап қалып, Әділетті Қазақстан құру үшін оларды болашақ ұрпаққа аманат етуіміз керек. Партия мүшелері, «Жастар Рухы» белсенділері және жергілікті тұрғындардан құрылған топ музей аумағындағы ескерткіштерді жуып, қоршауларды ұсақ жөндеуден өткізді.

Айта кету керек, «Таза бейсенбі» акциясына басқа аймақтар да қатысты. Атап айтқанда, Ақмола, Атырау, Қостанай, Қарақостан, Маңғыстау облыстары және Шымкент қаласының партия мүшелері Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіштерді тазалауға атсалысты, Қызылорда облысы Байқоңыр қаласында белсенділер «Ғылым және ғарыш» монументі айналасын ретке келтірді, Алматы қаласында «Медеу» саябағында коқыс жиналды. Сондай-ақ басқа да елді мекендерде осындай іс-шаралар өтті.

«Таза бейсенбі» акциясы басталғалы, яғни 6 маусымнан бері табиғатқа және экологияға бейжай қарамайтын 45 мыңға жуық партия мүшесі мен волонтер іс-шараға қатысып, еліміз бойынша шамамен 6 мың тонна коқыс жиналды. «AMANAT» партиясының мүшелері еліміздің түкпір-түкпірінде 1 000-ға жуық учаскені ретке келтірді, бұл орман алқаптары, өндірістік аймақтар, жол бойындағы аумақтар, тұрғын аудандар және т.б. Сондай-ақ 100-ден астам өзен, көл, су қоймасы мен су айдындарының арналары коқыстан тазартылды.

Партия мүшелері мұндай тазарту жұмыстарын әр бейсенбі сайын жүргізеді. Бұл ретте тек коқыс жинау емес, әр учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер және бастауыш партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Олар сол аумақтарда тәртіп пен тазалықты сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ коқыс жәшіктерін орнату, аумақтарды көгалдандыру, жолдарды жөндеу және т.б. сияқты инфрақұрылымды жақсарту және дамыту мәселелерін шешеді.

Ішкі туризмді дамыту жергілікті бизнесті қолдау және жұмыс орындарын құру арқылы ел экономикасына үлес қосады. Сонымен қатар бұл азаматтарға елдің мәдениеті мен тарихын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бір жағынан бұл шетелдік туристерге тәуелділікті азайтудың құралы болса, біздің жағдайымызда салаға жан бітірудің бір амалы. Әсіресе, шалғайда орналасқан шағын қалалар мен ауылдарды дамытуға жол ашар еді. Қазір секторды дамытуға көп күш жұмсалғанымен, сарапшы мамандар отандастарымыздың ішкі туризмге қарағанда шет мемлекеттерге сапарлауды құп көретінін айтады.

Кәмила ЕРКІН

Finprom сараптама орталығы Туризм және спорт министрлігі (МТС) Қазақстанға шетелдік туристерді тартуға күш салып жатқанда, ішкі туризм нарығында қарқын бәсендегенін алға тартуда. Өйткені былтыр азаматтар еліміздің көптеген туристік аймағында демалудан гөрі шетелге жиі барған. Мысалы, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында шетелге шыққан туристер саны 10,5 миллион адамды құрады, бұл ішкі туризм көрсеткішінен (9,6 миллион адам) шамамен 1 миллионға артық.



ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ ОҢАЛЫП КЕЛЕ МЕ?

Әзірге еліміздегі ең танымал туристік бағыттардың бірі алматылық тау-кен кластері болып отыр. Мамандар бұл бір жағынан, тау шаңғысы курорттарының инфрақұрылымын дамыту және олардың мегаполиске жақын орналасуы шетелдік және жергілікті туристердің назарын аударуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, Алматының өзге аймақтармен салыстырғанда әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Мәдени астананың туризм бойынша Қазақстанның басқа аймақтарынан бұлайша оқ бойы озық шығуы өзге аймақтардың артта келе жатқанын айқын көрсетеді. Мысалы, 2023 жылы 8,1 миллион туристің әрбір төртіншісінің (немесе

келе жатқанын айтқан еді. Сондай-ақ ол елаумағы бойынша туристердің біркелкі таралмауы байқалатынын атап өткен. «Бұл кейбір аймақтардағы кәсіпорындардың банкроттыққа ұшырау қаупін, сондай-ақ Алматы қаласындағы секілді баға мен адам санының күрт өсіп кетуіне септігін тигізеді. Мұны теңестіру үшін аймақтарда белсендіру бағдарламаларын іске қосу қажет. Түркістанда жүзеге асырып жатқан жобаларды мысалға алуға болады», — деді ол.

Дегенмен Finprom сарапшылары 2023 жылғы іс-шараларды жүзеге асыру туралы министрлік есебіне сүйене отырып, ведомствоның ішкі туризмге қарағанда сырттан туристер тартуға басымдық беретінін байқаған. «Бұл бағыт қаржыландыру ағындарында, шетелдік туристер үшін ең қызықты аумақтардың дамуын анықтайды. Мысалы, 2023 жылы

сенсек, оның 92%-ы ағымдағы әкімшілік шығындарға жұмсалған. Сонымен қатар туризмді дамытуды ынталандыруға арналған 238,1 миллион теңге қазына қаражатының негізгі бөлігі балалардың ел ішінде ұшуын субсидиялайтын Kids Go Free бағдарламасына жұмсалады.

«Жалпы алғанда, ішкі туризмнің дамуы үлкен оптимизм туғызбайды. Республикалық бюджет есебінен туризмде жұмыс істейтін кәсіпорындарға қаржылық қолдаудың бірнеше бағыты ғана бар. Мысалы, былтыр туристік автобустар (50 миллион теңге) және тау шаңғысы жабдықтарын (2,8 миллион теңге) сатып алу бойынша шығындарды өтеуге қаражат бөлінген. Әкімдіктер тарапынан кәсіпкерлердің туристік (168 миллион теңге) және жол бойындағы сервис нысандарын (355 миллион теңге) салуға жұмсаған шығындарын өтеуге қаражат бөлінген. Бірақ ішкі туризмді дамытуға бағытталған ірі маркетингтік іс-шаралар туралы есепте айтылмаған. Отандық компанияларға өзге аймақ тұрғындарының арасында өз қызметтерін ілгерілету үшін мемлекеттік нақты қолдау жетіспейді. Бұл ішкі нарықтың әлеуетін жоғалтумен тең», — делінген хабарламада.

Саланы дамытуға барынша назар аударылып жатқанын ондағы инвестиция көрсеткіштерінен де байқауға болады. Мысалы, министрлік мәліметтеріне сүйенсек, былтыр туризмнің барлық саласына негізгі капиталға салынған инвестициялар 787 миллиард теңгені құраған. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 53%-ға артық.

ТУРОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ТАБЫСЫ АРТТЫ

Статистикаға сүйенсек, осы жылдың қаңтар-наурыз айларында қазақстандық компаниялардың туризм саласындағы табысы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5 есе өскенін хабарлады. Сәйкесінше, сектордағы компаниялардың табысы 160,3 млрд теңгеден асып, 2022 жылдың басынан бергі ең жоғары тоқсандық көрсеткішке жетті. Оның ішінде отандық туроператорлар 143,4 млрд теңге табыс тауып, олардың табысы 7,6 есеге өсті. Агенттік сарапшылары мұны пандемиядан кейінгі нарықтың қайта қалпына келу үрдісі деп бағалап отыр.

«Туроператорлар мен туристік агенттіктердің кірісінің өсуі жанама түрде пандемия кезінде қатты зардап шеккен туристік

қызметтер нарығының қалпына келуін көрсетеді. Былтыр Қазақстанға 9,2 млн шетелдік турист келген. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен екі есе көп. Сондай-ақ соңғы бес жылдағы ең жоғары деңгей. Ал шетелге шыққан қазақстандықтардың саны 10,5 млн, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 37%-ға артық», — деп атап өтті сарапшылар.

Былтыр ел азаматтары тур-агенттіктер мен туроператорлардың қызметтеріне көбірек жүгінген еді. Өз шығындарын едәуір арттырды. Үй шаруашылықтары арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері бойынша 2023 жылы осы бап бойынша жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 595,7 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 43,7%-ға артық. «Дегенмен бұған турфирмалардың қызметтеріне тек ішкі турлар үшін ғана емес, шетелдік турлар бойынша да ақы төлеу шығындары кірді», — делінген хабарламада.

АЙМАҚТАР АЛДА КЕЛЕДІ

Қазақстан Саяхат пен туризмді дамыту туралы Дүниежүзілік экономикалық форумның (World Economic Forum) индексіне сәйкес туристік бағыттар тізімінде 119-дан 52-орынды иеленді. Спорт және туризм министрлігінің хабарлауына, рейтингтегі бағалық бәсекеге қабілеттілік критерийі бойынша еліміз екінші орынға иек тіреген.

Екі жыл ішінде әлемдік туризм рейтингінде республика 14 позицияға көтерілген. Бұған дейін 2021 жылы рейтингте Қазақстан 117 елдің ішінде 66-орынға жайғасқан еді. Қазір Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері (56), Өзбекстан (78), Қырғызстан (102) арасында ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отыр.

Ведомство еліміз туризмнің әлеуметтік-экономикалық әсері (5), денсаулық сақтау және гигиена (23), табиғи (30) және мәдени ресурстар (48), сондай-ақ адами капитал мен еңбек нарығы (43) және туристік инфрақұрылым мен сервис (47) санаттарында ең жоғары баға алғанын алға тартады.

Дүниежүзілік экономикалық форум сайтының деректеріне сүйенсек, Қазақстанға 4,5 млн шетелдік турист келген. Туризмнен түсетін түсімдер 1,5 млрд АҚШ долларын құрады. Осыған дейін Туризм министрлігі былтыр еліміз миллионнан астам шетелдіктерді қабылдағанын және 2022 жылмен салыстырғанда 17%-ға артық екенін хабарлаған болатын. Мысалы, 2022 жылы елге 928 мың шетелдік келді. Туристердің басым бөлігі Алматы мен қала маңындағы туристік нысандарға саяхаттауды құп көреді. Сәйкесінше, былтыр қалаға екі миллионнан астам турист келген, ал оның ішінде 540 мың турист шетелдік.

Мәселен, 2023 жылы Қазақстанға Ресей, Қытай, Түркия, Үндістан және АҚШ саяхатшылары жиі келетін. Ал қазақстандық қонақүйлер рекордтық ақша тапты — 229 млрд теңге. 2022 жылмен салыстырғанда кірістердің өсуі 12,4%-ды құрады. Биыл Қазақстан БАӘ туристері үшін қасиетті Рамазан айында және Ораза айт мерекесінде ең танымал бағытқа айналды. 2023 жылы визасыз режим енгізілгеннен кейін қытайлық туристердің Қазақстанға сапарының саны 115%-ға өсті. Мұнда турпакеттердің қолжетімділігі мен қысқы ойын-сауықтың тартымдылығы да маңызды рөл атқарды.



Аталмыш көрсеткіштердің динамикасы да әртүрлі. Атап айтқанда, былтыр шетелге шыққан қазақстандықтар саны 37,2%-ға артса, ішкі туризм көрсеткіші 11,2%-ға өсті.

ІШКІ ТУРИЗМНІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Айта кету керек, бюро ұсынған мәліметтер ішкі туризм бойынша Қазақстан ішінде әртүрлі мақсатта — туристік, жеке немесе іскерлік мақсаттарда сапарлаған қазақстандықтардың санын көрсетеді.

«Туристік, яғни қонақүйлерде және басқа да орналастыру орындарында тоқтағандардың негізгі бөлігі — 7,1 миллион адам. Ал тікелей демалу және сауықтыру мақсатында курорттық аймақтарға барған қазақстандықтар саны бар болғаны 412,6 мың адамды құрады. Турист ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға 2,1 миллион адам барды», — дейді агенттік сарапшылары.

2 миллион адам) таңдауы Алматыға түскен. Сонымен қатар қонақүйлер, турбазалар, санаторийлерде көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінің үштен бірі, яғни 74,1 миллиард теңге дәл осы қалаға тиесілі.

Жыл басында өткен Туризм және спорт министрлігінің пленарлық отырысында Kazakh Tourism АҚ басқарма төрағасы Қайрат Сәдуақасов Алматы, Астана, Атырау қалалары туристерді қабылдау бойынша алда

шетелдік туристерді тарту үшін субсидия ретінде бюджеттен 122 миллион теңге бөлінген — бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 20 есе көп. Іс-шаралар тізімінде ауқымды форумдар, шетелдік медиадағы маркетингтік акциялар, шетелдік турбизнес өкілдеріне арналған инфотурлар, шетелдік блогерлерді тарту негізіндегі жарнамалық компаниялар бар. Қазақстандық туристік брендті шетелде ілгерілету бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде», — дейді сарапшылар.

Нәтижесінде, ішкі туризм сырттан келуші туристердің көлемкесінде қалып отырғандай күйде. Мысалы, осы бағытта жұмсалып жатқан қаражат көлеміне назар салсақ, былтыр спорт және туристік қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға 1,6 миллиард теңге бөлінген. Агенттік ұсынған мәліметтерге



Алматы облысы Жамбыл ауданының аумағы арқылы өтетін Алматы – Астана күрежолының бойында, Балқаш көлінің жағалауында орналасқан Үлкен атты ауылды былайғы жұрт көп біле бермейді.

Болат АБАҒАН

40 ЖЫЛ БҰРЫН ГРЭС САЛМАҚ БОЛҒАН

Кенес Одағы кезінде, нақтырақ айтқанда, өткен ғасырдың 80-жылдары елдегі энергия тапшылығының алдын алу мақсатында мұнда үлкен құрылыс салынатын болады. 1984 жылы сол кездегі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданына қарасты аумақта іргетасы қаланған елді мекен негізінде Оңтүстік Қазақстан ГРЭС құрылысының бастамасы ретінде ойластырылған. Алайда маңызды жоба дер кезінде жүзеге аспай қалды. 1986 жылы ауыл Алматы облысы Күрті ауданының құрамына беріліп, кейіннен 1997 жылы Күрті ауданы тарқағанда, Жамбыл ауданының қарамағына өткен. Осылайша, алғашқы жылдары көпқабатты үйлерден тұратын, барлық тұрмыстық жағдай ойластырылған, инфрақұрылымы дамыған қала типтес кенті болуға және тұтас аймақтағы электр энергиясын өндіру орталығына айналуға тиісті елді мекен ақыр соңында болашағы бұлыңғыр ауылдардың біріне айналған. Бірақ қазіргі жағдайы аянышты болғанымен, кезінде барлығы керемет болған қала типтес кентте бастапқы кезден тұрған және әлі күнге табан аудармаған байырғы тұрғындардың елді мекен түбі бір қайнаған тірліктің ордасына айналар деген үміті ақталатынына соңғы жылдары сенім арта түсті.



Үлкен кенті орналасқан аумақта АЭС салу жайындағы алғашқы ұсыныстар сол 1997 жылы айтыла бастаған. Алайда бұл жоба жұрттан және экологтардан қолдау таппайды. 2008 жылы Үкімет осы жерде Балқаш ЖЭС салу туралы шешім қабылдайды. ЖЭС құрылысына дайындық 2013 жылы басталғанымен, бірер жылдан соң тоқырып, тоқтап қалған.

Айтпақшы Қазақстанда АЭС салынар болса оған ең қолайлы орын Үлкен ауылы екенін сарапшылар жиі айтады. Осы жерде АЭС салуға қатысты түрлі деңгейдегі талқылаулар өткізіліп келеді. Қазір алғашқы кездегідей емес, жобаны жүзеге асыруға қатысты қарсылық азайып, халық дәл бүгінгі әлемді электр қуаты тапшылығы жайлай бастаған жағымсыз кезеңдегі күрделі түйінді тарқатудың басты шешімдерінің бірі АЭС екенін түсінгендей. Оған жақында ғана Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында өткен Қазақстанда атом электр стансасын салуға қатысты қоғамдық тыңдауда айтылған пікірлер дәлел бола алады.

ҮЛКЕНДІКТЕРДІҢ ҮМІТІ АҚТАЛА МА?

АЭС МӘСЕЛЕСІН ҮЛКЕНДІКТЕР ДЕ ТАЛҚЫЛАДЫ

Тамыздың 14-інде Қазақстанның Азаматтық альянсы ұйымдастырған кездесуге сарапшылар, қоғамдық ұйымдар өкілдері мен Алматы облысының, оның ішінде Үлкен ауылының тұрғындары қатысты.

Елімізде атом электр стансасын салуға қатысты ұсыныстың кейінгі жылдары қарқын алып, мемлекеттік, қоғамдық деңгейде талқылана бастауының басты себебінің бірі әрі бірегейі – дәл қазіргі кезде еліміздегі ең өзекті проблемалардың көш басында тұрған электр энергиясына деген сұраныстың артуына байланысты туындап отырған тапшылық мәселесін түбегейлі шешу. Осы орайда қоғамдық тыңдауға арнайы келген сарапшылар атом энергетикасын дамыту жоспары туралы егжей-тегжейлі баяндап, оның қауіпсіздігі, экологиялық тазалығы және экономикалық тиімділігін жіліктеп талдап берді. Мұндай талқылаулар бұған дейін де болған және оларда да сарапшылары, экологтары және тағы басқа электр энергиясын өндіруге тікелей және жанама қатысы бар салалардың мен деген мықты мамандары жұрт көңілін аландататын жағдайларды жан-жақты түсіндірген. Соның әсері болар, бұл жолғы тыңдау кезінде талқылауға қатысқандар тарапынан қарсылық барынша азайғаны байқалды.

Аймақ тұрғындары пікірталасқа белсене қатысып, өздерін толғандырған қауіпсіздік, экономика, экология мәселелеріне қатысты сұрақтарын түгел қойды және тиянақты жауаптар алды.

«Өркениеттің жетістіктерін тиімді пайдаланатын мемлекет қана заман көші-



қазір бүкіл әлемде қолданылатын радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеудің озық технологиялары туралы жан-жақты ақпарат берді.

«Үлкен Су» ӨК бас инженері Сергей Третьяков атап өткендей, қазір энергия тапшылығының алдын алуға бағытталған шаралардың барлығы атом энергетикасын барынша қауіпсіз және экологиялық таза ету мақсатына негізделген.

«Әлем жедел қарқынмен өзгеруде, соған сай электр энергиясын тұтыну мөлшері де жылдам артуда. Өткен ғасырдың 70-жылдары салынған электр стансаларымыз ескірген. Бізге тұрақты қуат көздері қажет, ал атом энергетикасы дәл осы мәселені шешетін және қиындықтан алып шығатын бірден-бір жол. Иә, алаңдаушылық бар, оны жоққа шығара алмаймыз. Алайда қазіргі реакторлар қауіпсіз екенін де ескерген жөн. Қазақстанның ауыр апаттарсыз атом технологияларымен жұмыс істеуде 57 жылдық тәжірибесі бар. АЭС арқылы таза энергия өндіріп, сыртқы энергетикалық тәуелділіктен арыламыз және жаңа жұмыс орындары құрылып халықтың тұрмысының жақсаруына жол ашылады. Үлкенде АЭС салу еліміздің ғылыми әлеуетін пайдалануға және толыққанды атом саласын құруға мүмкіндік береді», — дей келе, өзінің 1985 жылдан бері осы құрылысты күтіп жүргенін, атом стансасы біздің балаларымыз және болашағымыз үшін керек екеніне тоқталды. «Егер көрші елдер бізге электр энергия-

ойлай отырып, АЭС салу ісін қолдаймын» — деп сөзін қортындылады.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Қоғамдық талқылау барысында АЭС салу арқылы еліміздің энергетикалық тәуелсіздігі қалыптасатыны, жаңа жұмыс орындары құрылып, сабақтас салалардың дамуына даңғыл жол ашылатыны айтылды. Осы орайда қазір атом электр стансаларына қызмет көрсету үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға ерекше назар аударылып отырғаны да ортаға салынды. Алматы облысының тұрғындары бейбіт атом энергетикасына қарсы емес-тіктерін білдірді. АЭС салу идеясын энергетика саласының ардагерлері де қолдап, энергетикалық дағдарыстан шығудың жалғыз шешімі осы екенін сенімділікпен жеткізді. Қоғам қайраткерлері АЭС қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыратынын айтса, жастар жағы жаңа технологиялардың дамуын атом энергетикасымен байланыстырды. Қонаевтағы жария талқылау қазақстандық қоғамның атом энергетикасын одан әрі дамытуға дайын екенін көрсетті. Жиналғандар еліміздің жаңа заманның, яғни атом энергетикасы дәуірінің табалдырығында тұрғанын оны болашақ ұрпақ үшін енгізіп, дамыту аса қажетін жария түрде мәлімдеп, жобаны бірауыздан қолдады.

Қазір Алматы облысы 608,4 МВт электр энергиясын тұтынады. Осының 303,31 МВт өзімізде өндірілсе, жалпы өндіріс көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) үлесі 547,809 млн кВт/сағ (62,36 МВт). Басқа өңірлерден 305,09 МВт сатып алынады. Дегенмен бұл көрсеткіштер энергия өндіруші стансалардың жұмыс режимдеріне сай өзгеріп отыруы мүмкін.

Алматы энергия торабын, атап айтқанда Алматы қаласын электр энергиямен ЖЭО-3 қамтамасыз етеді. 2026 жылға дейін ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті 600 МВт-қа кеңейту және ұлғайту жоспарланған. Алматы облысына энергияның 50%-ын немесе 300 МВт беру жоспарланған.

Алматы облысы қазір орта есеппен 550-630 МВт электр қуатын тұтынса, облыстың дамуын ескерсек бұл көрсеткіш 2050 жылға дейін 3000 МВт-қа дейін артуы және өндірілген қуаттарды бөлуде проблема туындауы мүмкін. Бұл мәселені шешу жаңа қосалқы стансалар салуды талап етеді.

Алматы облысы



Сарапшылар Қазақстандағы атом электр стансаларында МАГАТЭ-нің қатаң стандарттарына сәйкес келетін III және III+ буынындағы реакторлар орнатылатындығын көлденең тартты.

сын беруден бас тарта қалса, онда басқаны айтпағанда, күнделікті жарықсыз қалу қаупіміз бар. Бұл жоба елімізді тығырықтан шығаратын халықаралық аренада беделін аттыратын үлкен мүмкіндік. Қытайда АЭС бар, Өзбекстан құрылысын жүргізуде. Мен де ұрпағымның жарқын болашағын

«ТЕНТЕК ШОҚПАР
ЖИНАЙДЫ»

Қазақтың көне мақалын тақырыпша етіп алдық. Әлемдегі қазіргі жағдайды сипаттап тұрғандай көрінді бізге. Себебі әлем елдері қаруланып жатыр.

Маусымда Швецияның Муппсала университетінің ғалымдары өз зерттеулерінің нәтижесін жариялады. Ғалымдар 2023 жылы әлемде болған және ертеректе басталып, әлі де жалғасып жатқан соғыстарды зерттепті. Сөйтсе, 2023 жылы әлемде 59 жерде әскери қақтығыс болғаны анықталған. Оның біразы әлі де жалғасып жатыр. Ал Аустралияның экономика және бейбітшілікті зерттеу институты (The Institute for Economics and Peace – IEP) дүниенің 56 аймағында қарулы қақтығыс болып жатқанын жазды. Зерттеушілер 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында әлемнің 97 мемлекеті бейбіт саясаттан алшақтай бастағанын анықтаған. 92 ел өз шекарасының сыртындағы қарулы қақтығысқа тікелей немесе жанама түрде қатысып жатыр. Еуропаның 30 мемлекеті қорғаныс бюджетін өсіріпті. Ал 2023 жылы адамзат баласы соғыстардың кесірінен 19,1 триллион доллар шығынға батыпты. Бұл соманы дүниежүзіндегі әр адамға таратып берер болса, 2 380 доллардан келер еді. Осы институттың бас директоры Стив Киллелеа соңғы он жылдың тоғызында бейбітшіліктің қадірі кеткенін айтады. «Біз қақтығыстардың, милитаризация мен халықаралық стратегиялық бәсекелестіктің артуының рекордтық деңгейіне куә болып отырмыз», – деп мәлімдеді медиаға берген сұхбатында Стив Киллелеа.

IEP-тің «Милитаризациядағы заманауи трендтер» дейтін соңғы зерттеуінде де қарулануға бөлінетін қаржының өскені көрсетілген. Зерттеуде 2008-2023 жылдар аралығындағы мәліметтер келтірілген. Айталық, Солтүстік Кореяның әскери шығындары 2008 жылдары жалпы ішкі өнімнің 8%-ын құраса 2023 жылы 24%-ға жеткен. Қорғанысқа бөлетін шығындарының ЖІӨ-дегі үлесі жөнінен екінші орында Ауғанстан тұр. Кабул билігі әскери салаға

Амангелді ҚҰРМЕТ

ЖАҒАНДАҒЫ ГЕОСАЯСИ
ЖАҒДАЙДЫҢ
КҮРДЕЛЕНГЕНІ СОНША,
ТАМЫЗ АЙЫ «ҚЫЗЫП»
ТҮР. ӨҢГІМЕ АУА РАЙЫ
ЖӨНІНДЕ ЕМЕС,
ШИЕЛЕНІСТЕР МЕН
ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ
МОЛАЙҒАНЫ
ТӨҢІРЕГІНДЕ БОЛЫП ТҮР.
ӘЛЕМДЕГІ ӨЗАРА
ҚАҚТЫҒЫС ПЕН СОҒЫС
1946 ЖЫЛДАН БЕРГІ
РЕКОРДТЫҚ
КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТПТІ.
ДҰРЫСЫ – АНТИРЕКОРД.
АЛ 2024 ЖЫЛДЫҢ
ТАМЫЗЫ ОСЫ СОҒЫСТАР
МАСШТАБЫНЫҢ
ҰЛҒАЮЫМЕН ЕСТЕ
ҚАЛАТЫН ТҮРІ БАР.

қан. Жалпы әлемде әскери салаға жұмсалатын қаржы көлемі 2,5 трлн долларға жеткен. Бұл да рекордтық көрсеткіш.

Әрине, әр мемлекет шама-шарқынша қорғаныс қабілетін жетілдіруге мүдделі. Өйткені қазір түрлі қауіп-қатер көп. Халықаралық құқықтық нормалардың дұрыс жұмыс істемейтіні көзге ұрып тұр. Әлді мемлекеттердің әрекеті бар, прокси күштер мен террористік топтардың қару-



ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖАРЫСЫ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ



компаниялары тізімге қосылған. 2023 жылдың соңында тізімде Түркияның 3 компаниясы болса, 2024 жылдың шілдесінде олар бесеу болыпты. Украинаның 1 компаниясы тізімге енген. АҚШ-тың 47 фирмасы мен концерні қару-жарақ саудасындағы үздік 100 компанияның қатарында жүр. Бір сөзбен айтқанда, адамзат ядролық және өзге жаппай қырып жоятын қаруды таратпауға келіскенімен, конвенционалдық қарумен қарулануды жолға қойып алғандай көрінеді. «Пьеса басталарда қабырғада мылтық ілулі тұрса, соңында ол атылуы керек» деп Антон Чехов айтты делінетін жағдай қалыптасып келе жатқан тәрізді. Оның үстіне, қару-жарақ саудасымен қатар мемлекеттердің топ-топка бөлінуі де күшейгендей көрінеді. Батыс елдері мен Украина, Ресей-Иран-Солтүстік Корея үштігі, Иран-Ливия-Сирия тобы, Израиль және НАТО, Африкадағы түрлі мемлекеттің прокси күштері мен бірқатар елдің ресми билігі дегендей кете береді. Ал тамыз айының «қызып» кетуіне осы жағдайлардан бөлек оқиғалар да әсер етті.

ТАМЫЗ НЕГЕ «ЫСЫДЫ»?

Жаздың соңғы айы бастала сала әлем назарын аударған оқиға Иран мен Израиль қатынастарына байланысты өрбиді. Дәлірек айтқанда, 31 шілдеде Тегеранда «Хамас» тобы саяси бюросының жетекшісі Исмаил Хания зымыран шабуылына ұшырап мерт болды да, Таяу Шығыс тағы да «қайнап» сала берді.

Ханияның өліміне Иран Израильді айыптады, Түркия да «Хамас» тобы жетекшісінің өлімін саяси риторикада пайдаланып жатыр. Тегеран Израильге шабуыл жасайтынын

денің соңғы күндерінің бірінде Ердоған «Қарабақ пен Ливияға кіргеніміз сияқты, ол жерге де кіре аламыз» деп мәлімдеп жібергені бар. Яғни, «қажет болса Израиль жеріне де кіреміз» дегенді тұспалдады. Эмоцияға толы мәлімдеме, әрине. Бірақ аймақтағы шиеленісті өршітуі мүмкін. Оның үстіне, Түркия президенті Р.Ердоған мен Сирия басшысы Башар Асад кездесуі ықтимал деген тақырып та талқыланып жатыр. Жылдар бойы қырғи-қабақ күйде отырған, шекара бойында жиі қарулы қақтығысқа түсетін қос елдің диалогке ұмтылуы да аймақтағы жағдай күрт өзгергенін байқататын тәрізді. Екі мемлекет те Израильге қарсы позиция ұстанады. Түркияның ұстанымына күмән көп, ал Сирия Израильмен жиі қақтығысады.

Осындай күрделі жағдай қалыптасқандықтан, Израиль өзіне қарсы ұйымдастырылуы мүмкін шабуылды той-таруға барын салатын сынайлы. Одақтастарынан оқ-дәрі, қару-жарақ алып жатыр. Жерорта теңізіне АҚШ-тың USS Abraham Lincoln ұшақ тасымалдаушы кемесі мен оның қолдаушы тобы аттанатын болды. Ал өңірде USS Theodore Roosevelt ұшақ тасымалдаушы кемесінің тобы біраздан бері кезекшілік атқарып жүр. Батыстың өзге елдері де Тель-Авивті қолдауға әзір екенін байқатты.

Айтпақшы, БҰҰ 2023 жылдың 7 қазанынан бері тек Газа секторында 40 мыңнан астам палестиналық өлтірілгенін хабарлады. Содан да болар, аймақтағы жағдайды шиеленістірмеудің жолын іздеу тоқтаған жоқ. «Хамастың» жанадан сайланған жетекшілері Израильмен келісім жасауға даяр екенін түрлі дипломатиялық канал арқылы Тель-Авивке білдіріп жатқаны жайлы мәлімет бар. АҚШ пен Еуропа елдері Иранға сәлем жолдап, ірі шабуыл ұйымдастырудан бас тартуға көндіру амалына кірісті.

Әлбетте, әлемдегі әскери қақтығыстар жайлы сөз еткенде бірден Еуропадағы соғыс еске түсетіні сөзсіз. Өйткені Украина мен Ресей арасындағы соғыс ауқымы, адам шығыны, жұмсалған қаржысы және болашақтағы салдары жағынан ХХІ ғасырдың басындағы ең үлкен қақтығыс. Шығыс Еуропада қарулы ұрыспен қатар ақпараттық майдан, гибридті тәсілдерді қолдану да өте қарқынды жүріп жатыр. Ал тамызда соңғы екі жылда әлем жұрты назарын тігіп отырған шептен бөлек, «екінші майдан» ашылды. Украиналықтар Ресейдің Курск облысына шабуыл жасады. Осылайша, 1941 жылдан бері өзге елдің әскерлері кірмеген Ресей жерінде шайқас басталды. Екі жақтың да шығыны бар. Әрі Курск жеріндегі ұрыстың нәтижесі қалай болары белгісіз. Болжам жасау қиын. Биылғы жазды «ысытып» жіберген оқиғалардың бірі осы.

Әскери технология мен қару-жарақ саудасындағы
TOP 100 компанияның табысы

2019 жылы	524,4 млрд доллар	
2020 жылы	551,2 млрд доллар	
2021 жылы	595,5 млрд доллар	
2022 жылы	533,9 млрд доллар	
2023 жылы	603,9 млрд доллар	

елдегі жалпы ішкі өнімнің 10%-ын жұмсайды Одан кейінгі орындарда 5,9% қаржы бөлген Оман, 4,8%-бен Алжир, 4,5%-бен Мали, Марокко, Сауда Арабиясы тұр. Қазақстан қорғанысқа жалпы ішкі өнімнің 0,8%-ын арнапты. ТМД елдерінің ішінде тізімнің басында 4,2% көрсеткішпен Армения тұрса, одан кейінгі орында ЖІӨ-нің 3,8%-ын қорғанысқа жұмсайтын Әзербайжан орналас-

ланып жатқаны бар, қысқасы «жау жоқ» дейтін кезең емес. Оның үстіне, қару-жарақ саудасы өте үлкен бизнес. Айталық, әскери технологиялар мен қару-жарақ сататын әлемдегі үздік 100 компанияның таза табысы 2019 жылдан бері 524,4 млрд доллардан 2023 жылы 603,9 млрд долларға жеткен. Осы 100 үздік компанияның ішінде ресейлік фирмалар жоқ. Керісінше, өзге мемлекеттердің



АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫН КІМНІҢ БАСҚАРАТЫНЫ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ ГЕОСАЯСАТҚА, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ, ТІПТІ ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ ҮЛКЕН БЕТБҰРЫСТАР БАСТАЛУЫ МҮМКІН. СОНДЫҚТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ 2024 ЖЫЛҒЫ 5 ҚАРАШАДА АМЕРИКАДА ӨТЕТІН ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ «БОЛАДЫСЫ МЕН БОЛҒАНЫН» ҚЫЗЫҒА ТАМАШАЛАП ОТЫР. БҰЛ РЕТТЕ САРАПШЫЛАРДЫ МАЗАЛАҒАН БАСТЫ ЕКІ СҰРАҚ: ДОНАЛЬД ТРАМП ҚАЙТА ОРАЛСА НЕ БОЛАДЫ? БҰЛ ЕЛДІҢ ТІЗГІНІН ТҰҢҒЫШ РЕТ ӘЙЕЛ ЗАТЫ ҚОЛЫНА АЛСА, НЕ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛМЕК?

Айхан ШӘРІП

5 қарашада, сейсенбіде өтетін дода ел тарихындағы 60-шы Президент сайлауы болады. Оның нәтижесінде, Құрама Штаттардың 47-ші Президенті сайланады. 2022 жылғы 15 қарашада Американың 45-ші Президенті Дональд Трамп төл сайлау науқанын бастағанын жариялады. Араға аттай бес ай салып, 2023 жылғы 23 сәуірде іс басындағы Президент Джо Байден асықпай аяндап, жарыс жолына жетті: Демократиялық партия атынан өз кандидатурасын ұсынатынын жариялады.

Тартыс осы қос кандидат арасында өткенде, Америка тарихында 1956 жылдан бергі тұңғыш герлау (қайта ойнау) жүзеге асатын еді. Жазылмаған заңдылық бойынша АҚШ-та Президент сайлауында бір рет жеңілген үміткер содан кейін ешқашан кандидаттыққа ұсынылмайды. «Жығылған күреске тоймайды» қағидатын ұстанып, додаға қайта-қайта түсуге жол беріле бермейді. Бірақ бұл ереже жетпіс жылдай бұрын бір рет бұзылған. 1952 жылы Президент атанған Дуайт Эйзенхауэрге жол берген Демократиялық партияның кандидаты Эдлай Стивенсон 1956 жылғы 6 қарашада сайлауға қайта түсіп, тағы жеңіліп қалды.

Алайда бұл жолы Д. Трамп жеңетініне бек сенді: қарттықтан қалжыраған 81 жастағы Джо Байден биылғы 27 ақпанда CNN өткізген дебатта ахуалының аса нашар екенін көрсетті. Ақыры партиясының қысымымен 2024 жылғы 21 шілдеде президенттік жарыстан шығатынын жария етті. Оның орнына Демократиялық партия іс басындағы вице-президент Камала Харристі ұсынды.

Айта кету керек, 5 қарашада Президент сайлауымен қоса, Парламенттік аламан — Сенат пен Өкілдер палатасының сайлауы, кейбір штатта — губернатордың және жергілікті заң шығарушы органдардың сайлауы өтпек. Американың жаңа сайланған лидерін ұлықтау салтанаты 2025 жылғы 20 қаңтарға жоспарланған.

ХАРРИС ХАНЫМ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Кандидаттық ротациядан кейін бір айға жуық уақыт өткенде алғаш рет, бейсенбі күні Президент Джо Байден мен вице-президент Камала Харрис халық алдына бірге шықты. Вашингтон түбіндегі Аппер-Мальборо қалашығындағы жиналыста Байден жұртшылықты кандидат Камаланы қолдауға қайта-қайта үндеді, Харрис болса, Байден атына көп мадақ-мақтау айтты, ал екеуі екі лагерьге жарылған Американы бірігуге, нақтырақ айтқанда Харрис ханымның айналасында топтасуға шақырды.

Бұл топтасуға түрткі жасау үшін Камала Харрис Президент болып сайланса, фармацевтикалық компаниялармен уағдаласып, дәрігерлер рецептілерде ең көп жазатын және ең қымбат 10 дәрі-дәрмек түрін арзандататынын мәлімдеді. Түсіндіре кетсек, АҚШ — дамыған елдер арасында өз аза-



маттарына әмбебап, жалпыны қамтитын медициналық сақтандыру жүйесін кепілдендірмейтін жалғыз мемлекет. Федералдық үкімет Medicare, Medicaid сияқты бағдарламалар аясында қарттар, осал топтар сияқты халықтың бірқатар санатын ғана бюджеттен сақтандырады. Қалған адамдардың медициналық қызметтерге қол жеткізуі жақсы жұмыс орнына, табысына, тіпті тұрғылықты мекені мен нәсіліне байланысты. Мұның сыртында дәрілік препараттар қымбат және негізінен тек рецептімен босатылады. Сондықтан Харристің 10 медициналық туралы уәдесі америкалықтар үшін тартымды әрі өзекті.

«Осы жылдары біздің бәріміз жеткен жетістікке Камаланың сүбелі үлесі бар, бұл — маған керемет серіктесімнің көмектесуінің арқасы. Ол тамаша Президент болады!» — деді Джо Байден. Жиналғандар биік мәртебелі қос қонаққа бірнеше рет орындарынан өре түрегеліп, қол соқты. Би-Би-Си талдауына, үміткер Харристің осы іс-шарасы сайлау науқанындағы психологиялық күрт бетбұрысты байқатты: 2 мыңдай ғана адамды сыйдыратын алаңға көп адам кіре алмады, сырттағы кезекте жүздеген адам күтіп, кетпей тұрды.

Ақсақал Байденнің ақылға көніп, орынтақ таскендей жабыспай, жастарға жол беруі әсіресе Демократиялық партияның жақтаушыларын жігерлендірді, көңілдеріне үміт ұялатты, болашаққа сенім берді. Бұл — энтузиазм сауалнамаларға да әсер етіп жатыр: әлеуметтік зерттеулердің бірі Харристің рейтингі Трамптен төменсіп қалғанын көрсетсе, енді бірі экс-президенттен оза бастағанын аңғартты.

Оның соңғысы — Cook Political Report жүргізген сауалнама Харристің Аризона, Мичиган, Пенсильвания, Висконсин, Солтүстік Каролина сияқты шешуші штаттарда Трампты біршама артта қалдыра бастағанын паш етті. Бұл штаттар Демократиялық партияны да, Республикалық партияны да қызу қолдамайды, сол себепті «күмәнданушы штаттар» аталады. Олардың қолдауын иелену — кез келген кандидаттың табысқа жетуінің бір кепілі. Cook Political Report зерттеуінен белгілі болғанындай, қандай үміткерді қолдайтынын нақты айқындамаған штаттарда Харрис орта есеппен 46-48%, Трамп 44-47% дауыс жинады. Респонденттердің 5%-ы ғана Американың 35-ші Президенті Джон Кеннедидің інісі, 70 жасар тәуелсіз кандидат Роберт Кеннедиге дауыс беруге дайын.

Пенсильвания мен Висконсинде Харрис, тіпті 5% басымдыққа ие болды. Аризонадағы артықшылығы — 4%. Невадада республикалық кандидаттың жеңетін түрі бар. Джорджияда үміткерлер тең түсті. Салыстырсақ, мамырда өткен ұқсас сауалнамада Трамп Висконсиннен басқа барлық «күмәнданушы штатта» Байденді басып озған еді.

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЙ ҮМІТКЕР ЖАҒЫМДЫ?

Бір қызығы, АҚШ-тағы президенттік сайлаудың нәтижесін Үндістан халқы іштен тына күтіп отыр. Тарихта тұңғыш рет не үнді әйелі — АҚШ Президенті болады немесе үнді әйелі Американың «екінші

леди» атанады. Әңгіме Камала Харристің анасы жағынан үнділік (тамил) екенінде. Сондай-ақ Трамп өз вице-президенті ретінде тандаған Джей Ди Вэнстің зайыбы Уша Вэнстің ата-анасы кезінде АҚШ-қа Үндістаннан қоныс аударған. Бұл ханымдар дүркін-дүркін Қытаймен әскери қақтығысқа түсетін Үндістанның Америкамен ынтымақтастығын нығайтуға үлес қосуы мүмкін.

Осы орайда бізді «Харрис немесе Трамп Президент болса, Американың біздің аймағымызбен, соның ішінде Қазақстанмен қарым-қатынасы қалай өзгереді?» деген сауал қызықтырады. Сарапшылардың пікірінше, билік басына Харрис келсе, ол Ресей мен Орталық Азияны арадастыруы мүмкін. Одан айырмашылығы сол авторитаризмге көзқарасы түзу Трамп демократияны күштеп тықпалауға тырыспайды.

Жалпы, Америка Президенті болып, басты қос кандидаттың қайсысы сайланса да, Орталық Азия өңіріне, соның ішінде Қазақстанға қатысты АҚШ саясаты тұғырлы түрде өзгеріске түспейді деп күтілуде. Алайда бәрін өзгертіп емес ұйымдарды бір маңызды жайт бар. Тұтастай алғанда, демократтар, әсіресе Камала Харрис «демократияны ілгерілетуге», бүкіл Орталық Азияда және Қазақстанда оппозициялық күштер мен үкіметтік емес ұйымдарды ынталандыруға екпін түсіреді. Мысалы, Грузия сияқты Қазақстан да «шетелдік ықпалдың айқындылығы туралы заңның» өзіндік нұсқасын қабылдауға ниеттенсе, Камала Харрис тұсындағы АҚШ Мемлекеттік департаменті бұған агрессивті қарсы тұратын болады, — деді бізге сұхбатында тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттанушы Марат Өтеубаев.

Оның бағалауына, түрлі америкалық қорлар арқылы қаржыландырылатын «қоғамдық активизмді» қолдау мәселесінде Камала Харрис тіпті Джо Байденге қарағанда әлдеқайда радикал. Оған қоса, Харрис ханым гендерлік теңдікті белсенді ілгерілету үстінде. Демек АҚШ Президенті ретінде серіктес мемлекеттердің де гендерлік теңдікті, сонымен қатар ЛГБТ+ қоғамдастығының құқықтарын қорғауды талап етуі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

«Консервативті Трамп бұл заманауи сюжеттерге әуреленбейді. Ол көбіне, ірі бизнестің мүдделерін қорғап, ілгерілетуге бағдарланған. Мысалы, Трамп тұсында АҚШ Қазақстанның мұнай-газ кешеніне де, сондай-ақ атом стансаларының отыны келген ағат сөзін Америка расизмге телуі мүмкін. Содан ба, Дональд Трамп сайлауалды үгіт-насихатында: «Харрис Амери-

каны құртып тынады» деп жалпылай ұран-мен тынып жүр.

Осыған байланысты Дональд Трамп пен Камала Харристің алдағы дебаты америкалық қоғамды ынтықтырып отыр. Трамп өзінің Truth Social әлеуметтік желісінде Fox News арнасының Харриспен пікірталасы 4 қыркүйекте өткізу туралы ұсынысын қабыл алғанын хабарлады. Бұл жолы іс-шараға көрермен қатысады. Олар кандидаттардың сөзін қалт жібермей тындап, қызу реакция білдіріп отырмақ.

Үшіншіден, кімнің жеңіске жететіні кандидаттар штабтарының сайлауалды қорына қанша ақша жинай алғанына да байланысты. Axios хабарлауынша, бертіне ғана жарысқа қосылғанына қарамастан, Харристің командасы өткен шілде қорытындысында қарсыласынан екі есе көп қаржы жинады. Харристің штабына америкалықтардан және де-меушілерден — 310 миллион, Трамптың штабына — шамамен 138 миллион доллар түскен. Сарапшылар республикалық кандидатқа 13 шілдеде жасалған қандандық жағдайды көп өзгерте алмағанына назар аударды. Салдарынан, Трамп тіпті криптовалюталық индустрияға көмек сұрап жүгінді: бұған дейін ол биткойнді «алаяқтық» деп атап келген еді. Енді жеңсе, президенттің бірінші күні АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясының басшысын салаға қырын қарағаны үшін жұмысынан қуаға уәде берді.

«Камалаға дауыс бер, демократияны құтқар!» ұранымен президенттік додаға қойып кеткен Харрис ханым Трампқа шабуылын күн сайын үдетіп, оны аяусыз сынап жатыр. Оның айтуынша, Дональд Американы демократиядан, еркіндік пен құқықтан айырып, кері кеткен өткен ғасырларға кері оралтпақ. Трампқа билік тисе, заңның үстемдігі адыра қалып, құқық атаулы аяққа тапталып, елде бүлік пен хаос, үрей мен жеккөрініш күш алады. Прокурор болған Харрис 2024 жылғы мамырда алкабилер соты іскерлік құжаттаманы фальсификациялағаны үшін айыпты деп таныған Трампты «кылмыскер, алаяқ» деп ашық атады.

Харристі қолдаған Джо Байден де Трампты «демократияға төнген қатер» деп атады. Өйткені Трамп Президент болған соң, «батпақты кептіру үшін бір күнге диктатура орнататынын» мәлімдеп жүр. Батпақ деп ол Вашингтонда отырған истеблишментті және бүкіл америкалық саяси элитаны атайды. Д. Трамп сондай-ақ абортты «кісі өлтіру» деп танып, оған тыйым салуды жақтайды. Харрис жасанды түсік жасатуды — әрбір әйелдің өз еркі және құқығы, билік оған араласпауы тиіс деп санайды, Трамптың «экстремистік тыйымдарын» тоқтатуға сөз берді.

Алдағы дебатта көші-қон мәселесі де негізгі тақырыпқа айналмақ: Д. Трамп вице-президент Харристің миграциялық дағдарысты еңсере алмағанын бетіне басты. Ата-бабасы мигрант болғандықтан К. Харрис Американы «қоныс аударушылар елі» санайды, ол Президент бола сала, заңсыз мигранттар қамап ұсталатын орталықтарды тегіс жабатынын жариялады. Трамп болса, керісінше, Президент ретінде мигранттар үшін шекараларды тарс жауып, негізінен мұсылман елінен азаматтардың Америкаға келуіне тегеурінді тосқауыл құрмақ.

Басы (1-бетте)

— Бекарыс Тілегенұлы, сіз бірер жыл бұрын жарияланған ғылыми мақалаңызда Қазақстанда Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегіне қатысты 1989-2018 жылдар аралығында 20 ғылыми еңбек қорғалғанын жаздыңыз. Мұншама еңбекке қарап, «Құтадғу біліктің» мазмұнын біздің қоғам жақсы білетін болар дейтін ой туса керек-ті. Бірақ Жүсіп Хас Хажибті тануымыз кемшін тәрізді көрінеді маған. Кәтелестім бе, әлде?..

— Иә, қазірге дейін 20 шақты диссертация қорғалды. Бұрынғы кандидаттық, докторлық, одан кейінгі магистрлік, PhD диссертациялар бар. Қысқасы, Жүсіп Баласағұнның еңбегін қолжазба нұсқасынан қарай алғаны, алмағаны бар, бас-аяғы 20 диссертация қорғалған. Мүмкін, менің сол мақаламнан кейін қорғалған еңбектер бар шығар, ол жағын да қарастыру керек. Қалай болғанда да, тіл, әдебиет, педагогика, философия сияқты бағыттарда қорғалған диссертацияларды көріп отырмыз.

Шынында, біз осыншама диссертация қорғалған кезде бұл шығарманы жалпы көпшілік жақыннан тани алды деп ойлаймыз. Алайда қорғалған еңбектер кейде сол ғылыми айналымда, сол ортада ғана қалып қояды. Көпшілікке жетпей жатады. Көпшіліктің ғылыми әдебиетті көп оқи бермейтіні тағы бар. Сол себепті халыққа жетпей жатқан тұсы көп. Әрі қазірге дейін қорғалған 20 диссертацияны зерделей отырып бір байқағаным, Жүсіп Баласағұнның еңбегінің бізге 3 қолжазбасы жеткен болса, сол қолжазбаға сүйенген, оларды оқи алған, танысқан ғалымдар да бар, Асқар Егеубаевтың, Әбжан Құрышжановтың, Берікбай Сағындықовтың аудармаларына сүйене отырып жазылған еңбектер де бар. Бұл қалай болғанда да, «Құтадғу білікті» жақыннан тануға, білуге септігін тигізеді. Дегенмен әлі де ғылым терен зерттеулерді қажет етеді.


— «Құтадғу білікті» біз бұқараны ізгілікке шақыратын еңбек ретінде таныдық. Солай танытты. Сіз билікке, мемлекет басқару ісіне қатысты шығарма ретінде атап, сол мазмұнға назар аудардыңыз. Неге?

— Иә, біз «Құтадғу білікті» бұқараны ізгілікке, адамгершілікке, имандылыққа шақыратын насихатнама үлгісіндегі дидактикалық шығарма ретінде қабылдап, солай таныттық. Шын мәнінде, дидактика екені рас. Бірақ дидактиканың өзі іштей бөлінеді. Кімге қарата айтылды,

ның кейіпкері де, сюжеті де, оқиға желісі де, оқиғаның шиеленісі де бастан-аяқ сарайда, мемлекет басқарушы лауазымды тұлғалардың арасында өрбиді. Шығарма қарапайым халықтың ішіндегі оқиғаны суреттемейді. Керісінше, мемлекет басқаруға қатысты түрлі мәселе талқыланған еңбек. Сондықтан шығарманың осы мазмұнына басымдық бердім.

Жалпы, әдебиетте көркем шығарманы жанрына байланысты жіктеп жатады. Айталық, ағылшын әдебиетінде mirrors of princes деген жанр бар. Мен оны зерттеуімде «Ханзадалар айнасы» деп қолдандым. Бұл термин қайдан шықты дегенге келсек, Никкола Макиавеллидің италян тілінде Il Principe деген шығармасына сүйене отырып, ағылшын әдебиеттанушылары көркем әдебиетте mirrors of princes деген жанрды алға тартты. Түрік әдебиетінде «Саясатнама» деген жанр бар. Саяси, ел басқаруға қатысты тақырыптарды қаузайттын шығармаларды солай атайды. Неге біздің әдебиетімізде саяси тақырыптарды көтеретін шығарма бар да, жанр жоқ? Себебі біздің әдебиеттану терминдері, теориясы Кеңес Үкіметі кезінде жасалды. Дұрысы қалыптастырылды. Сол кезде мұндай жанрдағы шығармалар орыс әдебиетінде болмағандықтан, біздің әдебиетте де болуы мүмкін емес дегендей автоматты түрде заңдылық қалыптасты. Алайда әлем

әдебиетіне қарайтын болсақ, ондай жанрдағы шығармалар бар. Демек, біз әдебиеттану мәселелерін қарастырғанда, шығармалардың мазмұнын талдағанда осынау әлемдік тәжірибені ескеруіміз керек шығар. «Құтадғу білік» деген сөздің өзін біз «Благодатное знание» деген аудармаға сүйене отырып «Құтты білік», «құт әкелуші білім» деп алдық. Ал ағылшын тіліндегі аудармасын қараңыз, онда Wisdom of royal glory дейді. Wisdom деген «даналық» болса, royal glory «қасиетті патшалық» деген мағына береді. Сонда «Қасиетті патшалықтың даналығы» деген мазмұн шығады. Яғни, шығарма атауының өзін үлкен патшалық, қағанат, мемлекетпен байланыстырады. Осы жағынан қарастырсақ, күллі әлем әдебиеттанушылары «Құтадғу білікті» mirrors of princes деген жанрға жатқызады.



Бекарыс НҰРИМАН,
PhD докторы, ғалым-аудармашы:

«ҚҰТАДҒУ БІЛІК» — ДИДАКТИКАЛЫҚ



Егер біз әдебиетте «ханзадалар айнасы», «саясатнама» тәрізді жанр бар деп есептейтін болсақ, онда «мұндай әдебиетті кім тудырады?» деген сұрақ пайда болады. Ал мұндай әдебиетті мемлекет құра білген, мемлекет басқару жүйесін жетілдірген халықтар ғана жасай алады.



соған байланысты болады. «Құтадғу білік» — жалпы бұқарадан гөрі сол кездегі билік басында болған ханға, мемлекет қызметкерлеріне арнап жазылған шығарма. Жай дидактика емес, саяси тақырыпты қозғаған дидактика. Ал біз жалпы дидактика, насихат ретінде қабылдадық. Алайда оның ішіндегі насихаттың мемлекет тізгінін ұстаған, мемлекеттік салада қызмет еткен әрбір азаматқа, елді аузына қаратып, басқара алатын тұлғаларға қарата айтылғанын көруге болады. Қазірге дейін шығарма бізде жай дидактика ретінде көбірек танылғандықтан, оның саяси насихат екенін ұмытып кеткенбіз. Әйтпесе, Еуропада, АҚШ-та бұл шығарманы саяси дидактика жанрындағы шығармалар қатарына қосып, сол жанрда, сол бағытта зерттеген. Сондықтан мен зерттеуімде шығарманың саяси қырын барынша танытуға тырыстым. Сол мазмұнға көбірек назар аудардым. Әйткені шығарма-

Түріктер саясатнама жанрына қосады. Сонда неге оны сол жанрға қоспасақ?! Тіпті, біздің жыраулар поэзиясының өзінде хандарға ақыл-кеңес беретін шығарма көп. Негізі, бұлардың өзі осы жанрға кіретін шығармалар. Егер біз әдебиетте «ханзадалар айнасы», «саясатнама» тәрізді жанр бар деп есептейтін болсақ, онда «мұндай әдебиетті кім тудырады?» деген сұрақ пайда болады. Ал мұндай әдебиетті мемлекет құра білген, мемлекет басқару жүйесін жетілдірген халықтар ғана жасай алады. Олай болса, біз Қазақ хандығы, оның арғы жағындағы түркі дәуірінде үлкен империялар мен мемлекеттер құрғанымызды әдебиеттің өзінде мойындауымыз керек. Бәлкім, кеңес дәуірінде сапалы мемлекеттік жүйе құрған жұрт екенімізді мойындаудан қашқандықтан шығар, осындай жанрды біздің әдебиетке кіргізбеді деп ойлаймын.

Әрине, өткен өтті, кеткен кетті. Қазір білім мен ғылым жаңарып жатыр. Әлемдік

тенденциядан қалмауымыз керек. Біз әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде халықаралық деңгейдегі зерттеулермен танысып, ғылыми орталықтармен байланысуымыз қажет. Сондықтан дәл осы жанрды айналып өте алмаймыз. Оны қазак әдебиетіне алып келуіміз керек. Осындай жанрдың бар екенін айтуға тиіспіз. «Құтадғу білік» сол жанрға кіретінін көрсетуіміз керек. Шығарманың ел билеу, мемлекет басқару ісіне қатысты екеніне басымдық беруіміздің сыры осы.

— «Құтадғу білікті» қара сөзбен, әңгіме түрінде ұсындыңыз. Бұл жаңа форма ма? Неге өлеңмен жазылған жәдігерді әңгіме формасына айналдырдыңыз?

— «Құтадғу білікті» қара сөзбен ұсыну қажет болды. Себебі бұған дейін еңбектің ағылшын, түрік, өзбек тілдеріндегі аудармаларының ішінде қара сөз түрінде берілгендері бар. Оған зерттеу барысында көзім жетті. Демек, шығарманы қара сөз түрінде оқырманға ұсыну біз ойлап тапқан дүние, жаңалық емес. Тағы бір мысал, казактың дастандарын Акселеу Сейдімбек қатарлы ағаларымыз әңгіме түрінде берді. Яғни, дастандарды, жырларды қара сөзбен беру бұрыннан бар үлгі. Соны пайдаландық. Тек бұрыннан келе жатқан жолды жаңғырттық. Жаңа форма деп айта алмаймыз.

— Енді еңбектің мазмұнына қатысты ой бөлісейікші. Шығарма өсиетке толы еңбек. Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдұрмыштардың әрқайсысының бір сипаты бар. Әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат деп бөлінеді. Өзге қандай сипат бар?

— Дұрыс айтасыз, шығарманың ішкі мазмұнын талдап, айтар ойына үнілген пайдалы деп ойлаймын. Шығарманың 4 басты кейіпкері бар. Олар: Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдұрмыш. Бірақ бұлардан бөлек қосалқы кейіпкерлер де бар. Мысалы, Көсеміш, Ерсу, Оғлан дегендей. Сол сияқты Оғдұрмыштың ізіне ерген мүриті бар дегендей қосымша 5-6 кейіпкер кездеседі. Оларды басты төрт тұлғаның қызметін, сипатын барынша айқын көрсете түсетін кейіпкерлер деуге болады. Әрқайсысын әділдік, бақ-дәулет, парасат, қанағат дегендей бөлетін тұстары кездеседі. Бірақ төртінші кейіпкер Оғдұрмыштың «қанағат» сипатына қатысты біраз пікірталас бар. Әйткені үш қолжазбаның біреуінде «қанағат» деп түсіндіреді

ғой, алайда шығарманың ішіне кіргенде ол қанағаттан гөрі «заһид» болып көбірек көрінеді. Яғни, өзін Жаратқанның жолына арнаған, дүниеге бой алдырмаған адам. Мысал үшін айтайық, қанағат етуші деп қолында бір нәрсе бар, соған шүкір етіп, әрі қарай артық дүниеге ұмтылмайтын адамды айтады делік. Ал қолында ештеңе жоқ кезде қанағат ету нені білдіреді? Немесе ағайын-туыстан алыстап, құлшылық қылу үшін тауға кету, қоғамдық өмірден шектелу, үйленуден, ұрпақ сүюден, еліне қызмет етуден, елі мен жерін қорғаудан бас тарту қанағатқа жата ма? Оғдұрмыштың бейнесі қанағат сипатын білдіре ме, жоқ па дегенге қатысты ғалымдар арасындағы пікірталастың мәні осында жатыр. Ал Күнтудыны біз әділеттің бейнесі ретінде танимыз. Солай түсіндіреді. Алайда Күнтудының әділдіктен сәл де болса таятын кездері немесе Айтолды бақ-дәулет сияқты болғанмен басқа да сипатта көрінетін тұстары кездеседі. Өгдұрмыш ақыл парасат болғанымен, оның да бір сәт ақылға мұқтаж кездері болады. Яғни, кейіпкерлер бір ғана сипатта көрінеді, басқа ерекшеліктері жоқ деген ұғым болмауы керек. Барлық кейіпкер символдық тұрғыда алынған. Шамасы, Жүсіп Баласағұн бұл жерде «Мемлекетті тек әділдікпен басқарған дұрыс па? Әлде бақ-дәулет қонғанда мемлекет дамып, жақсара түсе ме? Немесе ақыл-парасатпен басқарамыз ба? Әлде мемлекеттік басқаруда қанағат, дүниені тәркі ету маңызды ма? Қайткен кезде мемлекет бақуатты, халық бақытты, қуанышты күн кешеді?» деген сауалдарға жауап іздейтін сияқты. Шығармадағы ең маңызды сауал осы деп ойлаймын. Әрі оған төрт түрлі идеяны ұсынып, сол арқылы жауап берген секілді.

— Күнтуды өзін әділ заңмын деп атайды. «Биліктің негізі — әділдік» дейді. Қалай ойлайсыз, бұл ой Жүсіп Баласағұнның еңбегіне өзегі емес пе? Билікке қатысты біз байқамаған өзге қандай тәмсіл бар?

— Иә, Күнтуды өзін әділ заң ретінде таныстырады. Не үшін «әділ заңмын» дейді? Оның да себебі бар. Күнтудының өзін әділ заңмын деуі Айтолдының әңгімесінен кейін айтылады. Айтолды өзін мемлекеттің, елдің басына қонған бақ ретінде сипаттайды. Негізі, мұндай ой көп адамда кездеседі. Қазіргі күнмен де салыс-

тыруға болады. Айталық, бір адам билікке, жоғары лауазымға, мансапқа, басшылық қызметке қол жеткізуі мүмкін. Әдетте мұндай адамдар бел шешіп жұмысқа кіріседі. Содан көп пендеде бәрін өзі істеп жатқан сияқты сезім пайда болады. Сөйтіп, «мен болмасам бұл жұмыс бітпес еді, істелмес еді» дегендей ой келеді. Айтолдыда да сондай сезім болды ма, қайдам, өзін елдің бақ-дәулеті санап «Мен болмасам...» деп бағалай бастайды. Әрі соны билеушіге сездіріп, ханға ашық айтады ғой. Өзін ханның басына қонған баққа теңейді. «Қадірімді білмесен, басына қонған бақтан қалай айырылғаныңды білмей қаласың» деген тұспалмен ханның өзін сынайды. Сол кезде Күнтудының терендігі байқалады. «Қай жерге дейін шабады екен, көрейік» дегендей бастапқыда үндемей, еркіндік береді. «Бақ-дәулет деген не?» деп Айтолдыны сөйлетіп, ойын ашық айтқызады. Кейін Күнтуды Айтолдының өзін сынап, «сен бақ болсаң, мен әділдікпін, әділ заңмын» деп әділдік қырын көрсетеді. Сол кезде Айтолды аяқ тартады. Кейін әділдіктің алдына келгенде бақ-дәулеттің өзі қауқарсыз екенін меңзейді. Ал шығарманың өзінде бақ-дәулеттің сипаты саналған Айтолды қайтыс болады. Бірақ мемлекет өмір сүре береді. Яғни, мемлекеттің бағы бір адамға байланбайтынын көрсетеді. Жүсіп Баласағұнның айтқысы келгені де осы деп білемін. Яғни, әділдік болған

майды. Қылышпен жаулап алсаңыз да, қаламмен басқарыңыз» дейді. Әділ заңды орнататын қалам мен білім деген ой айтады, соларды бірінші орынға қояды.

Кезінде бірқатар ориенталист арасында Баласағұнның еңбегі араб, парсы не қытай тілінен көшіріліп, аударылған шығар дейтін ой айтқандар да болған. Ал іс жүзінде Жүсіп Баласағұнның танымы түркінің төл мәдениеті, төл мұрасы. Өйткені түркі халықтарында кісінің хақысы аяқасты болмаған. Әділдікпен қарау бірінші орында тұрған. Адам тугілі жан-жануардың да хақын ескерген. Аңшылық өнерді қараңызшы. Бұрын аңшылар ысқырып, аңның үркіп, қашуына, қорғанына мүмкіндік берген. Қапы қалдырмайтын. Жан-жануарларды азаптамай, табиғатты аялау дәстүрлері болды. Орман-тоғайды отамай, тек қажетін алатын. «Обал» дейтін бірауыз сөзбен көк шөп жұлмаудан бастап кісі хақысын жемеуге дейінгі мәселелерді үйретті ұрпаққа. Бізде адам мен табиғаттың әділетті қарым-қатынасы бар. Баласағұни шығармасы сол әділетті қарым-қатынастың адамдар арасындағы көрінісі ғой. Шығармада сол айтылады. Мұны басқа бір мәдениеттен енген дүние деуге келмейді. Түркінің өз дүниетанымы.

зерттеуді қажет ететін шығарма. Он ғасыр бұрын түркі халықтарында мемлекет басқару жүйесі, мемлекет құрылымы қалай болды, лауазым қалай, кімге, не үшін берілді, тағайындалған адамның міндеттері қандай еді дегендей көп қырынан қарауға болады. Демократия, саясат, мемлекет басқару жүйесі жайлы айтылғанда Аристотель, Платон, Сократтар еңбектері, түркі даласынан тек әл-Фарабидің кейбір шығармалары айтылады. Бірақ Жүсіп Баласағұнның көзқарастары саясаттану тұрғысынан қарастырылмайды. Оның саяси көзқарастары, мемлекет басқаруда ұсынған принциптері ескеріліп, зерделенуі керек деп ойлаймын.

— **Еңбектегі әр бағыттағы өсиет әр қырынан бағалануы керек сияқты. Айталық, Жүсіп Баласағұнның әскербасылар жайлы жазғандарын Сунь Цзының «Соғыс өнері» дейтін еңбегімен салыстыра қарастырса қызық бола ма еді деген ой келеді...**

— Қызық пікір екен. «Құтадғу біліктегі» әскербасы туралы жазған насихатын сіз айтқан Сунь Цзының «Соғыс өнері» дейтін еңбегіндегі ойлармен, орыстың «Игорь полкі туралы» жырымен, өзге еңбектермен де салыстыра зерттесе, шығарманың жаңа қыры ашылар ма еді кім білсін?! Өйткені «Құтадғу білікте» әскерді қалай басқарады,

бітігі» деген сөз бар. Бұл — әскерге ай сайын берілетін айлық жазылатын дәптер.

Ал «Құтадғу білікте» әскерге айлық берілер кезде айлық берушінің жекімей, қабағын түймей, кешіктірмей, кемітпей беруіне дейінгі мәселелер сипатталады. Әскерді риза қылуға көп көңіл бөлу жайлы насихат айтады. Жүйелі мәселелер қамтылған. Өз басым мұны бабаларымыз он ғасыр бұрын әскер жасақтау ісіне де өте мұқият қарғанын білдіретін детальдар деп бағалаймын. Кәдімгі ғылым. Осыған қарап қазақтың әскер жасақтау ережесі кемі он ғасыр бұрын жасалған, армия тарихы да одан кем емес деп айтуға болатын шығар.

— **Айтпақшы, қазақ оқығандары «Құтадғу біліктен» біршама хабардар болғанға ұқсайды. Құрбанғали Халид «Тауарих хамсасында» бұл еңбекті атап өтеді. Осыған қарап еңбек ел ішінде көп тарады деуге келе ме? Әйгілі үш нұсқадан бөлек көшірмелер іздестірілді ме?**

— Иә, Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» деген еңбегінде «Құтадғу білік» жайлы айтылған, қысқаша мәлімет беріледі. Одан бөлек, Шәкәрім жайлы естелігінде баласы Ахат қажы әкесінің

САЯСИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ

ЕҢБЕК

жерде мемлекет гүлденеді дегенді меңзейді. Бір адамның бар немесе жоқ болуы мемлекеттің гүлденуіне не күйреуіне әсер етпейді дегенді айтады. Кім болса да, әділдік бар жерде мемлекет сақталады дегенді Күнтуды дәлелдейді. Әрі қарай Күнтудының Өгдүлмішпен арадағы сұхбаты жалғасады.

— **Өгдүлміш мемлекеттің бақ-дәулеті екі нәрсеге байланысты екенін айтады. Бірі — сақтық, екіншісі — заң. Сақтықтың жөні бөлек. Ал заң ше? Хас Хажибтің еңбегіндегі заң үстемдігі шығыс ойшылдарының еңбектерінде жалғасын тапты ма? Айталық, Низам ул-Мүлктің «Сиасетнамесінде» дегендей.**

— Дұрыс айтасыз, Күнтуды мен Өгдүлміштің арасында өте керемет, терен сұхбаттар өтеді. Екеуі әр детальды жеке-жеке талдай отырып, мемлекет мәселесін тереннен толғайды. Сол кезде Өгдүлміштің айтатын ойы ғой осы. Мемлекеттің бақ-дәулеті екі нәрсеге байланыс тұрады дейді. Біріншісі — сақтық, екіншісі — әділ заң. Мұны бектер туралы насихатында айтады. «Бек қырағы, сақ болса, елін қауіптен қорғайды, дұшпанының желкесін үзеді. Қандай да бір бек еліне әділ заң орнатса, елін түзу жолға түсіріп, күнін жарқыратады. Биліктің бағы осы екеуі арқылы жанады», — дейді Өгдүлміш.

Жүсіп Баласағұни заң жайлы сөз еткенде «төр» деген сөз қолданады. «Едгү төр» дейді. Қазіргі игі, ізгі дейтін сөздеріміздің түп төркіні сол «едгү», ал «төр» дегеніміз заң. Мұны «ізгі заң» деуге болады. Автор заңды шығарушылар не делі, заңның орындалуын қадағалаушылар не делі, бәрін айтады. Бір сөзбен айтқанда, заң шығарушы және оның орындалуын бақылаушы органдардың жұмыс істегенін байқаймыз. Мәтіндерден соны ұғамыз. Демек, сол дәуірдің өзінде мемлекет басқару ісінің жетілгені білінеді. Насихатта «сен едгү төр» — ізгі заң жаса. Ізгі заң жасасан, ертең сен өмірден өткен соң да артыңда жақсы атың, ізгілігің қалады. Ізгілікпен еске алынасың. Ал егер қатаң заң орнатсан, оның зардабын халық көреді, сен өлген соң сені ешкім жақсылықпен еске алмайды. Зұлымдықпен қатар еске алады» дейді. Жүсіп айтқан керемет бір дүние бар. «Кез келген елді қылышпен жаулап алуға болады, бірақ ешқашан қылышпен басқарылы-



Ал Низам ул-Мүлктің «Сиасетнамасымен» салыстырар болсақ, Жүсіп Баласағұни 1069-1070 жылдары өз еңбегін жазса, Низам ул-Мүлік 1090 жылдары жазған. Селжүк мемлекетінің бас уәзірі Низам ул-Мүлктің «Сиасетнамесі» парсы тілінде жазылды. Бірақ Селжүк мемлекетінің іргесін бекітуге, ел ішіндегі ынтымақ-бірлікті нығайтуға, күшейтуге арнап жазылған еңбек. Ал Селжүк мемлекеті түріктер елі. Алайда «Сиасетнаменің» жанры бөлек. «Құтадғу білік» әрі насихат, әрі көркем шығарма. Мұнда автор насихат тікелей айтпайды, кейіпкерлер арқылы айтады. Ал «Сиасетнамада» насихат тікелей айтылады. Дегенмен екеуі де мемлекетті күшейту жолдарын насихаттады. Бәлкім, ең басты ұқсастығы осы шығар.

— **«Құтадғу білікті» әдебиетшілер, тіл мамандары, тарихшылар, ішінара пәлсапасылар зерделеді. Саясаттану тұрғысынан зерттеліп, жүйеленді ме?**

— «Құтадғу білікті» осы күнге дейін тіл мамандары, тарихшылар, философтар, әдебиеттанушылар, педагогтер зерттеп жүргенін білемін. «Шіркін-ай, мұны саясаттанушы ғалымдар зерттесе» деп іштей армандаймын. Түркияда осы еңбекті саясаттанушылардың зерттеп жүргенін көрдім. Диссертация қорғап, монография жазғандарды емес, жекелеген ғылыми мақала жариялағандарды көрдім. Бірақ біздің елде байқалмады. «Құтадғу білік» — Қазақстанда да саясаттану тұрғысынан

не істеу керек, қолбасшы қалай болуы керек деген сияқты көп насихат бар. Соғысты бірден бастап кетпей, келіссөздер жүргізу, қарсы тарап келіссөзге көнбесе ғана соғысу керек екенін айтады, бірден соғысты ұсынбайды. Барлау жасаудың маңызын айтады. Жасакты қалай бөлу керекті жайлы кеңес береді. Алдымен садақшылар, одан соң найзагерлер мен айбалталы жауынгерлер болуы керек дегендей. Әскербасы таңдаулы, қырағы, сақ, ісіне ықтиятты, салқынқанды, тәкаппарлықтан ада, сыпайы, жомарт жан болуы керек дейді. Жауынгердің алатын ақысы мен жейтін асы көп болсын дейді. Көп әскерден гөрі жақсы дайындалған аз әскер пайдалы дейтін ойы да бар. Майдан даласына кіргенде әр жауынгердің бір-біріне сүйеу болмағы маңызды деп санайды. Жау шабуылы үдесе, сабыр сақтауды, дұшпан қашса, ізіне түсуді, бірақ тым жырақтап қумауды өсиет етеді. Әскерді рухтандыр, тұтқынға түскен қаруластарды өтеуін берсең де босатып ал деген насихат айтады. Жараланғандарды дұрыс емдеу, шейіт кеткендерді жерлеу, олардың артында қалған отбасыларын қамқорлыққа алу тәрізді көп мәселе жүйелі сипатталады. Қызығы, осы шығармада айтылған дүниелерді Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат-Түрікте» бекітіп отырады. Айталық, «Диуани лұғат ат-Түрікте» «ай

Абайдан «Құтадғу білікті» алып оқығаны жайлы дерек айтады. Бірақ бізде бұл шығарманың қандай да бір нұсқасы жоқ. Өзіңіз айтқан үш нұсқа бар. Біреуі Венада, біреуі Мысырда, біреуі Ташкентте сақталған. Шіркін, Абай оқыған нұсқа табылса, бәлкім «Семей нұсқасы», «Абай нұсқасы» деп атар ма едік?! Алайда қазірге дейін ондай нұсқа табылған емес. Бірақ шығарманың үзінділері әр жерде кездесіп қалады. Айталық, Алтын Орда дәуіріне қатысты археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан кезде сыртына «Құтадғу біліктің» бірнеше бәйіті жазылған құмыра табылған. Одан бөлек, Анкарада, Түркияның мемлекеттік архивінде сақталған қолжазбалар бар. Олар «Құтадғу біліктен», «Хибат ул-хақайықтан», Анадолиядағы басқа да оғандардың өлендерінен жинақталған қолжазбалар. Жекелеген парақтар. Көшірілген еңбектер. Толыққанды кітап емес. Сондықтан қазірге дейін белгілі үш нұсқа ғана бар.

— **Анадолы түріктері Жүніс Әмірені керемет насихаттады. Орталық Азияны мекен қылған бауырлас халықтар Баласағұнды дәл сондай ойшыл ретінде жанаған таныта алмай қалған жоқпыз ба осы?**

— Біз Жүсіп Баласағұниды өз деңгейінде таныстырып, насихаттай алмай отырмыз деп ойлаймын. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан, яғни КСРО құрамында болған елдердің қай-қайсысы да Жүсіп Баласағұниды мемлекет басқару философиясын жетілдіруші тұлға, ойшыл ретінде қадірін білсе, мемлекет басқару өмір сүру философиясының тамаша концепциясын жасауға болар деп ойлаймын. Біз оны әлемге өз деңгейінде таныстыра алмай жатырмыз.

Әрине, тұлғаны таныту үшін зерттеу болуы керек. Зерттелген соң көпшілікке жақсы таныстыру қажет. Бірақ біз оны зерттеп біткен жоқпыз. Оны мемлекеттік идеология үшін қолдана алмай жатырмыз.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Амангелді ҚҰРМЕТ

ЖУЫРДА ТҮРКИЯ ҚАЗАҚСТАННАН МОЛ МӨЛШЕРДЕ БИДАЙ МЕН ЖАСЫМЫҚТЫ САТЫП АЛУҒА УАҒДАЛАСТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ АЙДАРБЕК САПАРОВТЫҢ ТҮРКИЯҒА САПАРЫ КЕЗІНДЕ БЕЛГІЛІ БОЛҒАН-ДЫ. ӘЛБЕТТЕ, ЖАҚСЫ ЖАҒАЛЫҚ, ӨЙТКЕНІ БҰЛ ЖОБА ОТАНДЫҚ ШАРУАЛАР ҮШІН ЗОР МҮМКІНДІК БОЛЫП ОТЫР. ДЕГЕНМЕН АСТЫҚТЫ ШЕТКЕ САТУ ҮШІН АЛДЫМЕН ӨНІМ ЖИНАП АЛУ КЕРЕК. БИЫЛ БІЗ ҚАНША АСТЫҚ ЖИНАЙМЫЗ?



ҚАМБА БИЫЛ ТОЛА МА?

геніміз 2 млн 40 мың тоннаны құрайды. Ендігі міндет — сол сақтаулы тұрған астықты экспортқа шығару. Осы мақсатта ҚТЖ — мен келіссөздер жүргізілуде», — дейді министр.

БИЫЛҒЫ ӨНІМ ТӘП-ТӘУІР

Биыл еліміздің егіс алқаптарының 23,8 млн гектарына шамамен 2,4 млн тонна тұқым себілген. Ал күзгі жиын-терім кезінде қанша астық орылатынын әлі ешкім дөп басып айтып отырған жоқ. Бірақ астықтың шығымы жылдағына қарағанда 1-1,5 есеге көп. 2023 жылы шаруалар барлығы 16,4 млн тонна астықты жинап, қамбаға бастырған болатын. Демек, биылғы астық 20 млн тоннадан асады деген сөз.

Ал «Интерфакс-Қазақстан» ақпарат агенттігі Қазақстан осы 2024 жылы егін жинау көлемі 13-14 млн тонна деңгейіне жетеді деген болжам жариялады. Бұған жауын-шашынның мол болуы әсер ететін сынайлы.

Отандық синоптиктер егіннің бір бөлігін жоғалтуымыз мүмкін деп есептеген. Тіпті, бұл туралы арнайы ескерту де жасаған.

жетеді. Салдарынан астықтың жаппай құлап жапырылуына әкеліп соғуы мүмкін», — деп ескертеді синоптиктер.

Негізінен, тамыз айының ортасынан өте астық толықтай пісіп, кебеді. Бұл аралықта ауа райы қолайлы болады екен. Ал үшінші онкүндік басталған шақта астықты өңірлердің басым бөлігінде жауын-шашын болуы ықтимал. Қазгидромет қыркүйек басталған шақта егінді жинау анағұрлым қолайлы болады деп отыр. Алайда нақты болжам жоқ.

Министрлік 2024 жылға арналған бидайдың түсімі 17 миллион тоннадан асады деп болжады. Бұл көлем ішкі нарықтың қажеттілігін толығымен жабуға және белгілі бір көлемдерді экспортқа жөнелтуге жеткілікті.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

АШМ осы жылы да егін жинау науқанына тастүйін дайын екенін айтып отыр. Елдегі барлық техниканы есептеп, тозығы жеткенін жаңартқан. Сөйтіп, алқапқа 37 мың комбайн, 150 мың трактор шықпақ. Оған қоса, Үкімет нарықтан 15 пайыз төмендетілген бағамен жанар-жағармай сату жұмысын шегендеген. Осылайша, барлығы 355 мың тонна жанармай дайын тұрған көрінеді.

Елімізде егін науқанын қазірдің өзінде бастап кеткендер бар. Солардың бірі — Ақмола «Феникс» шаруа қожалығы. Бүгінде жиын-терім жұмыстарына кірісе бастаған қожалықтың бас агрономы Досжан Бакиров шығымның тәуір болғанын айтып отыр. «Биыл егін орақты бастап жатырмыз. Түсім жаман емес. Қазіргі көрсеткіш бойынша біз орта есеппен гектарынан 22 центнер өнім жинап жатырмыз. Әрине, жазғы маусымда ылғал өте мол болды. Бірақ жоғары технологияны пайдаланудың арқасында астықты түрлі қауіптен аман сақтап қалуға тырыстық. Нәтиже көңіл көншітті», — дейді агроном Досжан Бакиров.

Әрине, жоғары технологияның тигізер пайдасы зор. Бірақ биыл жауын-шашын мол болып, жер жақсы көктемді. Сәйкесінше, алқаптағы астық та бітік шыққан.

«Дәл қазір алқаптарда болжам жасап жатырмыз. Шығым өте жақсы деп айтсам болады. Тіпті, кейбір өңірде әр гектардан 25-29 центнерге дейін өнім алу мүмкіндігіміз бар. Бірақ ауа райының қандай боларын тап басып айта алмай отырмын. Астықтың көбі ылғал салдарынан тат ауыруына ұшыраған екен. Бұл енді түсімді күрт төмендетіп жі-

беруі де мүмкін. Бидайдың басы бітік болғанымен, сабағы мен жапырағы зақымдалып жатыр. Енді пісе бастаған шақта біраз ауыр соғады. Егер астық осы қалпы тік тұрған шақта сыпыра жинап үлгерсек, түсім 20 центнерден кем болмайды. Ал жығылып кетсе, тағы төмендеп қалады», — дейді Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығындағы ауыспалы егіс зертханасының менгерушісі Алдаберген Қияс.

Зертхана менгерушісі алқаптардағы жағдайды анықтау мақсатында бірнеше шаруашылықпен хабарласқанымен, олардың астыққа байланысты әңгіме өрбіткісі келмей, бар жағдайды жасырып отырғанын айтады.

«Мен біршама шаруашылыққа хабарласып, жағдайды білмекке ұмтылдым. Бірақ олар өз алқаптарындағы жағдайды жасырып отыр. Міне, бұл — астық шаруашылығында өте кесірілі дүние. Шаруашылықтар неғұрлым ашық әрі ғылыми ортамен байланысы көп болған сайын өнімділік арта береді. Мен осы бір құпиялыққа түсіне алмаймын. Мол өнім алу үшін еркін байланыс жасауы қажет», — легенді қосып қалды ғалым Алдаберген Қияс. Расымен, бұл істі министрлік арнайы қадағалап,

құпиялық бар болса, оның сырын ашуы қажет құсайды.

ТАСЫМАЛ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

2024 жылғы егін жинау науқаны басталғанын жоғарыда айттық. Өйткені Ақмола облысының Жарқайың ауданындағы «Астық қоймалары» ЖШС-на қарасты №5 астық базасы мен Солтүстік Қазақстан облысының Ғ.Мүсірепов ауданындағы №2 астық базасы биылғы өнімді қабылдауды бастап кеткенін жариялады.

Қазақстанның фермерлері мен астық саудасын сараптаушылар 2024 жылдың күзінде өнімді жинаудан бұрын оны тасымалдау мәселесіне бас ауырту керек екенін айтады. Өйткені тасымал мәселесі оңай-оспақ шаруа емес. Сөз басында айтқан Түркияны қоссақ, астық тасымалдауына бағытымыз көбейеді. Іргедегі Қытайдың өзіне экспорттайтын астық көлемі аз емес. Айталық, былтыр Қазақстаннан Қытайға теміржол арқылы астық түрлерін жөнелту көлемі рекордтық 2,2 млн тоннаға жеткен. Биыл дәл осындай көлемдегі астықты еркін тасымалдауға ҚТЖ дайын екенін айтты.

«Биыл теміржол арқылы 757 мың тонна астық әкетілді, екінші жартыжылдыққа арналған жоспар 1,25 млн тоннаны құрайды. ҚТЖ жөнелтушілер арасында пойыздарды біркелкі бөлу кезінде Қытайға 2 млн тоннадан астам астық жіберуге дайын», — деді Үкіметтегі жиында ҚТЖ ҰК-ның басқарушы директоры Бауыржан Урынбасаров.

Үкімет отырысында вице-премьер Серік Жұманғарин Қытай тарапымен бірлесе отырып астықты автомобиль көлігімен жөнелту мүмкіндігін талқылауды ұсынды. Сонымен қатар АШМ-ге астық кептіру жабдықтарын сатып алу үшін аграрийлерге жеңілдетілген қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыруды, сондай-ақ облыс әкімдіктерімен бірлесіп егін жинау уақытына уақытылы дайындық бойынша барлық қажетті шараны қабылдауды тапсырды. Бір айта кетерлігі, биыл тасымал құны да біршама өсетінге ұқсайды. Оған Қазақстанда теміржол көлігімен транзиттік тасымалдау көлемі 20%-ға ұлғайғаны әсер еткен. Көлік министрлігінің деректері бойынша көлем өскен кезде қосымша жүктеме қажет болады. Жүктеменің орнын толтыру құнға әсер етпек. Сондықтан бұл іске мемлекет араласып, Үкіметтен үкім болмаса, тасымалдауды жекешелендіріп алған түрлі тасымалдаушы компания бағаны көтеруге тырысуы мүмкін.

Бердібек ҚАБАЙ

Түрік елінің астық басқармасы ішкі нарықтағы бағалардың тұрақтылығын сақтауға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жыл сайын орташа есеппен біздің елден 10 миллион тонна дәнді дақыл, оның ішінде бидай түрлерін сатып алатын болды. Мұны қазақ бидайының әлем елдеріне таралуы деп ұққан абзал. Ол үшін Астанада астықты терең өңдеу жобасын жүзеге асыру ісін туысқан түрік мемлекеті өз қолына алмақ.

Негізі, 10 млн тонна деген аз дүние емес. Мысалы, соңғы үш жылда еліміз барлығы 16,3 млн тонна астықты сырт елдерге сатқан екен. Айталық, 2020 жылы — 4,7 млн, 2021 жылы — 5,5 млн тонна және 2022 жылы



6,1 млн тонна бидай экспорттаған. Ал ендігі жерде үш жылдық бидайды бір жарым жылда түгел сату керек. Мұндай көлемді шаруаға шынымен дайынбыз ба?

Бұл сауалға жауапты Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады.

«Өнімді жинап алу бар да, оны сақтау деген мүлде басқа шаруа. Біздің елде 30 млн тонна астық сақтайтын қойма бар. Оның 13,5 млн тоннасы элеваторлардың үлесінде. Мұндай элеваторлардың ұзын саны — 191. Барлығы мемлекеттің бақылауында лицензиялары бар кешендер. Ал қалған 16,5 млн тонна астық жеке шаруалардың базасындағы қоймалар. Біздегі сол элеваторлардың алтауы 70 пайыз астыққа толып тұр. Бұл де-

Еліміздің шығысында, орталығында және солтүстігінде жиын-терім жұмыстары тамыздың екінші жартысында басталады. Ал жаппай егін жинау қыркүйек айында қолға алынары сөзсіз. Синоптиктер дәл осы кезеңде астық егетін аймақтарда жаңбыр мен жел күшейеді деп отыр. Әлбетте, бұл жағдай егін жинауды қиындатады сөзсіз. Қиындатып қана қоймай, егіннің бір бөлігін жапырып кетуі мүмкін.

«Елдің астық егетін өңірлерінің жартысынан көп бөлігінде дәнді дақылдардың пісіп-жетілуі тамыздың бірінші жартысында басталады. Маусым басталған шақта ауа райы жаңбыр мен жоғары ылғалдылықтың әсерінен нашарлайды. Айдың екінші жартысында жауын-шашын көп болады әрі желдің күші секундына 15-20 метрге дейін

Жаздың соңғы айы – Алматыда пәтер құнының шарықтайтын уақыты. Мегаполис еліміздегі ең көп білім ордалары шоғырланған қала екенін ескерсек, сәйкесінше, жыл сайын арманқуып келетін студенттер саны да толастаған емес. Одан өзге елдің түкпір-түкпірінен экономикалық маңызы бар шаһарға жұмыс іздеп, кәсіп бастауды көздеп ағылып келушілер тағы бар. Алматыдай алып шаһарда баспаналы болуға ұмтылатындар көп, сондықтан мұнда жылдың қай кезеңінде болмасын пәтердің арзандағаны байқалмайды.

Ресми деректерге сүйенсек, 2024 жылдың шілдесі 2022 жылғы сәуірден бергі тұрғын үй мәмілелерінің саны бойынша ең жоғары көрсеткіш тіркелген ай болды. Дәлірек айтсақ, сол уақыттан бері елімізде 40 мыңнан астам тұрғын үйді сатып алу сату бойынша мәміле жасалған. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, шілде айында жасалған мәмілелер саны бойынша Алматы қаласы (7 091) тізімде көш бастап тұр. Шаһарда тұрғын үй құрылысы тоқтамай, жаңадан бой көтерген ғимараттар саны өссе де, баспана құнында айырмашылық байқалар емес.

«АЙЫНА 67 МЫҢ ТЕНГЕ ШӘКІРТАҚЫ АЛАМЫЗ»

Диана Холмуратова Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының бірінде білім алады. Қаланың қарбалас тіршілігіне бойы үйрене бастаған Диана қазір 2-курсқа көшті. Кейіпкеріміздің сөзінше, жаңа оқу жылы қарсаңында университет жатақханасынан орын берілмеуіне байланысты амалсыздан пәтер іздеуге тура келген. Диана қолында маман екенін айқындайтын дипломы жоқ студенттер үшін пәтер маңын жағалау, оның ақысын ай сайын төлеу оңайға соқпайтынын айтады.

– Бізге Алматы қаласынан пәтер табу аса қиынға соққан жоқ. Бәлкім, жолымыз болып кеткен шығар. Пәтерді Алматы ауданынан таптық. Шынымен де, пәтер құны қымбат. Айына 67 мың теңге шәкір-тақы аламыз. Бірақ бұл студенттің қалада жүріп-тұруы мен тамағынан аспайды. Онымен қоса, пәтерге әрбіріміз 47 мың теңгеден төлейміз. Сондықтан бұл баға студенттің қалтасы үшін ауыр. Жалға алған пәтеріміз бен университеттің арасы 5-6 аялдамадан тұрады. Сондықтан күнделікті сабаққа барып-келуімізге кедергі келтірмейді деп ойлаймын, – дейді студент Д. Холмуратова.

«АРАДА ЕШҚАНДАЙ КЕЛІСІМШАРТ ҚАҒАЗЫ БОЛМАДЫ»

Ал оқуын биыл ғана тәмамдап, қолына дипломын алған Динара Сағатбекқызы ыңғайлы бағада пәтер жалдап тұру үшін қала сыртындағы баспаналарды қарастырды жөн көрген. Жайлы әрі орташа бағадағы пәтерге қол жеткізуде Алматының әр түкпірін шарлаған Динара ақыры пәтерді танысы арқылы тапқан.

– Шыны керек, қаладан пәтерді ұзақ іздедім. Көп жағдайда пәтер құны талапқа сай келмей жатады. Қазір Наурызбай ауданындағы Alma City тұрғын үй кешенінде бес қыз болып бірге тұрамыз. Пәтер екі бөлмелі, құны – 200 мың теңге. Бұл – коммуналдық қызметтің құнынан бөлек баға.

Динара пәтерді жалға алу кезінде арада ешқандай ресми қағаздың болмағанын атап өтті. Десе де, бұл екі бөлмелі пәтерде жайлы өмір сүру үшін кедергі келтірмейтін көрінеді.

– Өзім басқа қаладан болған соң алғашында пәтер иесімен онлайн байланыс орнаттық. Арада ешқандай келісімшарт қағазы болмады, бірақ өзара келісім бар. Пәтерге кірген күннен бастап үй ішіндегі қажеттіліктің бәрін толықтырдық және кейбір тұстарына қайта жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Ақысын үй иесінің өзі төлеп берді. Қазір ай сайын пәтер ақысын уақытылы төлеп отырамыз. Пәтеріміз жайлы, өмір сүруіме ыңғайлы. Бағасына да



ПӘТЕРАҚЫ – ТАМЫЗДЫҢ ӘУЕЛГІ «ӘНІ»

лайық деп айта аламын. Өмір сүру салтыма ешқандай қиындық тудырмайды. Жұмыс орным үйімнен алыс болса да, ең ыңғайлысы мұнда қоғамдық көлік әр 5 минут сайын жүреді, – дейді Д. Сағатбекқызы.

Қазір Алматы қаласында орналасқан 35 жоғары оқу орнында жалпы саны 200 мыңға жуық студент білім алады. Олардың 62 пайызы (124 мың) – еліміздің түкпір-түкпірінен білім іздеп келген студенттер. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының дерегінше, шаһарда 109 жатақхана жұмыс істейді. Дәл қазіргі уақытта жатақхана тапшылығы 28,7 мың төсек-орынды құрайды. Оңтүстік астанасында орын тепкен университеттерде білім алатын 200 мыңға жуық студенттің 36 мыңы жатақханада тұрады.

ОСЫ АЙДА ПӘТЕР 10 ПАЙЫЗҒА ҚЫМБАТТАЙДЫ

Бүгінде риелтор маман Саяжан Мұхановаға Алматы қаласынан пәтер табу мәселесімен хабарласып, көмек сұрайтындар көп. Ол қала орталығында орналасқан пәтерлердің жалға берушілері студенттерді қарастыра бермейтінін, одан өзге балаларын жатақханаға орналастыра алмаған немесе орналастырғысы келмейтін ата-аналар бар екенін негізге алды.

– Жыл сайын тамыз айында пәтер бағасы 10 пайызға өседі. Себебі бұл нағыз пәтер іздеп келушілер саны артатын маусым болғандықтан, жалға берушілер де бағаны шарықтатады. Пәтерді студенттер жалға алатын болса, бағасын көтеріп қана қоймай, одан бөлек депозит алады. Бірақ соның өзінде қаладан пәтер табу қиын. Әрине, осыдан кейін студенттер сабақтан тыс уақытта жұмыс істеуге мәжбүр. Өйткені білім алу керек әрі пәтер ақысын төлеуге тиіс. Өздеріңіз білетіндей, бүкіл ел аумағы бойынша университеттер ең көп орналасқан қала – Алматы. Сондықтан мұнда жатақхана жетіспеушілігі айқын байқалады. Ал жатақхана алыс аймақтан келген немесе көпбалалы отбасыдан шыққан балаларға, яғни белгілі бір жеңілдігі бар студенттерге беріледі. Көп жағдайда студенттер алғашқы 1-2 жылын жатақханада өткізсе, 3-4 курста қаладан пәтер жалдап

тұрады. Шынында, дәл қазір қаладан пәтер іздейтін студенттер мен ата-ана көп, – дейді ол.

ЖАЛҒА БЕРУШІЛЕР ҮШІН ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ КЕЗЕҢ – ТАМЫЗ АЙЫ

Саяжан Мұханова қаладағы біршама пәтердің бағасы сапасына сай келмейтінін айтып ашынады. Оның сөзінше, жалға берушілер үшін тамыз – ең ыңғайлы кезең. Тіпті, риелтор маман тамыз айы жақындаған тұста жоғары бағаға жалдауға мәжбүр жана студенттерді қабылдау үшін бұрынғы пәтер жалдап тұрушыларын шығарып жіберетіндер де бар екенін жасырмады.

– Өкінішке қарай, сапа бағаға лайық деп айта алмаймын. Студенттер жалға алатын болған соң жөндеу жұмыстары жасалмаған, жағдайы қарастырылмаған үйлердің бағасын көтеріп жібереді. Ал егер пәтерді отбасылы адамдар немесе ұзақ мерзімге алушылар болса, шамалы бағасын төмендетеді. Негізі, қаладан алшақ орналасқан пәтер бағасы қала ішіндегі пәтер құнымен бірдей болып келеді. Сапасында айырмашылық болуы мүмкін. Көпшілігі студенттерді қарастырмайды немесе пәтерді жоғары бағаға береді. Осының әсерінен студенттер пәтерді қала сыртынан іздейді. Қала сыртындағы пәтерлерге сұраныс аз болған соң жалға алушының студент екеніне қарамай, үйді жалға береді. Керісінше, қала ішінде сұраныс әрқашан бар. Сұраныс жоғары болғандықтан, пәтер иелері үшін жалға алушылар да табылады. Сол себепті олар студенттерді жиі қарастырмайды. Мен студенттер үшін ең қолайлысы – қала орталығындағы пәтерлер деп ойлаймын. Өйткені үйдің студенттер үшін сабаққа әрі жұмысқа жақын болғаны маңызды, – дейді риелтор.

АЛАЯҚТАН ДА САҚТАНҒАН ЖӨН

Сұхбат барысында Саяжан Мұханова әлеуметтік желілер арқылы, соның ішінде krisha.kz қосымшасы арқылы айланыс іске асыратын алаяқтар көп екенін ескертті. Алматыға алғаш табан тіреген, шаһардан пәтер қарастырып жүрген оқырманға маманның айтар кеңесі де бар.

– Қазір көбіміз білетін krisha.kz қосымшасында алаяқтар өте көп. Олар желіге арзан бағадағы әдемі, жайлы үйдің суретін алдын ала жүктеп қояды. Мұндай алаяқтардың тұзағына көбіне студенттер немесе Алматыға алғаш келгені отырған адамдар түсіп қалуы мүмкін. Жалған ақпарат беріп отырған алаяқтар жалға алушылардан алдын ала төлем қалдыруын сұрап, сосын пәтерді жалға алушының атына қалдыратынын айтып алдайды. Әсіресе, тамыз айы – алаяқтардың әлеуметтік желі арқылы табыс табатын маусымы. Осы ретте пәтердің ресми құжаттары мен үйдің өзін көрмей, жалға берушілерге ақша жібермеуге кеңес беремін, – дейді Саяжан Мұханова.

ХОСТЕЛДЕР САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КЕЛМЕЙДІ

Сондай-ақ риелтор қазір қаладағы студенттерге арналған хостелдердің ахуалы мәз емес екенін тілге тиек етті. Саяжан Мұханованың айтуынша, хостел сөз жүзінде студенттерге арналғанымен, мұнда келушілердің арасында студенттер санатына кірмейтін бөге азаматтар да бар.

– Қаланың сыртында орналасқан хостелдер мен қала ішіндегі хостелдің біраз айырмашылығы бар. Шын мәнінде, студенттерге арналған хостелдер санитарлық талаптарға, онымен қоса ішкі жеке талаптарына да сай келмейді. Себебі оның ішіне студенттер ғана емес, жұмыс істеп жүрген адамдар да кіре алады. Қалтасында ақшасы болса, хостелге бәрін кіргізе алады. Пәтер бағасы әрқаз сұранысқа байланысты екенін тағы да айтып өткім келеді. Егер сұраныс көп болса баға көтеріледі, төмен болса, сәйкесінше түседі. Мысалы, мамыр-шілде айларының аралығында сұраныстың төмен болуына байланысты пәтер құны төмендейді. Өйткені бұл уақытта студенттердің көбі үйіне қайтады немесе пәтерлерін босатады, – дейді риелтор С. Мұханова.

Биыл еліміз бойынша пәтерді жалға беру бағасы маусым айының аяғынан тамыз айының басына дейін орта есеппен 3,6 пайызға дейін артқаны белгілі болды. Экономист мамандар студенттердің алыс шақырымнан үлкен қалаларға оралуы нарықтағы жалдамалы пәтердің құнына әсер етпей қоймайтынын айтып отыр.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Еліміздің қай қиырын алма-сақ та ойқы-шойқы, шұрық тесік апандай шұңқырларға айналған жамау-жамау жолдардың азабын тартқан халықтың қарасы көп. Сапасы сын көтермейтін жолдардың салдарынан қарға адым жүру мұңға айналған елді мекендер қаншама? Солардың бірі елорданың дәл іргесіндегі Аршалы ауданындағы 7-8 ауылдың тұрғындары бірнеше жылдан бері ащы жанайқайын атқарушы биліктің құлағына жеткізе алмай келеді. Жол жүру мүлде мүмкін болмайтындай күйге жеткен.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Сегіз бірдей ауыл тұрғынының жол мәселесін көтергелі бес жылдан астам уақыт өтіпті. Жолдың азабын әбден тартқан ауылдарда бүгінде 2 500-ге жуық халық тұрады. 30-ға жуық отбасы түгін түтететін Красное Озеро селосында мүлде дүкен болмағандықтан, күнделікті осы жолмен жүруге мәжбүр. Алайда айналасы сегіз шақырымдық жол сол күйі еш жөндеусіз қалып отыр. Жөндеу жұмыстары осыдан төрт жыл бұрын 2020 жылы басталғанымен, орта жолда жұмыс тоқтап, соңына дейін жеткізілмеген. Мердігер компания қысқа ғана жолды үш жыл бойы аяқтамай, ақыры тапсырыс берген жергілікті атқарушы орган істі сотқа берген. Онсыз да нашар жолды үздіксіз жүретін КамАЗ-дар мен басқа да жүк көліктері тоз-тозын шығарған. Оның үстіне, үнемі ауыр жүк тасыған көліктерден тұтастай қою түгін мен шаң көз аштырмайды. Аспанға көтерілген шаңнан түк көрінбегендіктен, адамдар өз өмірін бәйгеге тігіп, жол бойын үнемі қорқыныш пен үрей басып жүруге мәжбүр.

— Сіздерден бес бірдей Белоярка, Шортанды, Константиновка, Красное Озеро, Түрген ауылдары тұрғындарының атынан көмек сұрауға мәжбүрміз. Жолды жөндеу жұмыстары осыдан төрт жыл бұрын басталған. Бірақ сол күйі қалып кетті. Қазір жолда жүру мүлде мүмкін емес күйге жетті. Көз алдау үшін грейдермен өткен болды. Бірақ дәл қазір жолдан қарға адым жүру мүмкін емес. Мен өзім кәсіби жүргізушімін. Бірақ автокөлігімнің жүріс бөлігін ай сайын жөндеуге мәжбүр боламын. Қазір тіпті асфальт төсеген жолдың өзі де апаттық жағдайда. Төселген асфальттың өзі көтеріліп, талқаны шығып бұзылып жатыр. Асфальтты төселуі тиіс жеті сантиметрдің орнына бар болғаны 4 сантиметрге жетер-жетпес етіп қана төседі. Біз «Астана» телеарнасына да мәселені айттық. Бірақ одан да еш өзгеріс бола қойған жоқ. Мен Шортанды ауданының тұрғынымын. Маған осы жолмен күнделікті жүруге тура келеді. Егер қандай да бір жағдай бола қалса мұнда ешқандай жедел жәрдем көлігі де жете алмайды. Өтініп сұраймын, көмектесіңіздерші, — дейді ашынған Аршалы ауданы Шортанды ауылының тұрғыны Ирина Аксенова.

Бес ауылдың ішінде Түрген ауылының жағдайы басқаларға қарағанда тым ауыр. Ауыл халқы қою шаң мен түтіннен тіпті демала алмайтын халге жеткен. Үйлерінде терезелерін де аша алмайтын болған. Көбі демікпе дертіне шалдығыпты. Бақшаларына еш нәрсе еге де алмайды. Елордадан небәрі 90 шақырым ауылдарға ешкім назарын да салмайтын болған. Республикалық маңызы бар Екатеринбург — Алматы тасжолына шығатын небәрі сегіз шақырым жолды жөндеуге міндеттенген мердігер ұйым сол күйі тастап кеткен. Тұрғындар жергілікті атқарушы билік орган-



дейін аяқтау үшін барлық қажетті шара қабылданатын болады, — делінген облыс әкімдігінің ресми жауабында.

Алайда уәде берілгенімен, биылғы жылы да шыбық басы сынбаған. Мәселенің мәнін білмек мақсатында Аршалы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ержан Жолымбетовпен хабарласқанымызбен, бірнеше күн тілдесе алмадық. Бірнеше мәрте телефон шалып әрең алғанымызбен, түстен кейін жауап беруге уәдесін берген әкімнің міндетін атқарушы сол күйі хабарсыз кетті. Түстен кейін тағы хабар алмақ болғанымыздан түк шықпады. Бірнеше күн бойы хабарласудың артынан аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының телефонын жолдаумен құтылды. Бөлім басшысы аталған жол қазір облыстық Жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары басқармасының қарауында екенін айтып, мәселені шешу кейінге қалып жатқанын жеткізді.

АПАТТЫ ЖОЛДЫҢ ӘЛЕГІ

дарына талай мәрте арызданғанымен, құрғақ уәдеден ары аспай, мәселені сол күйі жылы жауып қоя салған. Жол бойындағы бес бірдей көпір түгел дерлік апаттық жағдайға жеткен. Әбден мүжіліп, тоз-тозы шыққан көпір үстіне асфальт төсеп тастағаны да халықтың ызасын ұлғайта түсіпті. Жолға бөлінген миллиондаған қаржының да сұраусыз кеткені халықтың шымбайына батып тұр.

— Жолда қарға адым жүру мұн болып тұр. Жергілікті билік еш әрекет те етпейді, еш назарын да аудармай отыр. Алдыңнан қарсы келе жатқан көлікті көре алмайсың. Аспанға көтерілген шаң тұтас қалың қабырға сияқты. Үйден шығу, яки Бабатай ауылынан үйге жету мұн. Әрбір адам қажеттіліктері үшін жолға шығады. Жолда иманымызды үйіріп, құдайымызға сыйынып, үрейленіп зорға жүреміз. Жүк тиелген КамАЗ-дар үздіксіз жүреді. Өз өміріміз үшін қатты қорқамыз. Неге ешкім әрекет етпейді? Неге тым құрығанда жолдың үстіне су шашып суармайды? Осыған дейін анда-санда су себилетін. Қазір мүлде қозғалмайды? Әлде бұлар адам өлімін күтіп отыр ма? Мәселені шешу үшін бірдене істеу үшін не қажет?! Күн сайын Волгоновкада бір жағдай болады. Кірпіш зауыты, Нефрит зауыттары жолға су шашып суармайды. Мен анда-санда ғана жолға шығамын. Бірақ бүгін жолда өз өмірім үшін қатты үрейленіп отырдым. Бұл не

деген сұмдық! Біз әлде тікұшақпен ұшып жүруіміз керек пе? Халықты алаңдатқан мұндай жағдайға неге ешкімнің назары да аумайды? Менің айтарға сөзім де қалмады. Шын мәнінде, аса қатты қорқынышты. Қара шаң аспанға көтеріліп тұр. Шұғыл арада жол жүруге мәжбүр болдым. Тұтас халық болып жүгініп әрекет етпесе болмайтын сияқты. Мүлде түк көрінбейді. Бірінің соңынан бірі тоқтаусыз жүретін КамАЗ-дардың өзі бірін-бірі көрмейді, — дейді ашынған Аршалы ауданы Волгоновка ауылының тұрғыны Светлана Паластрова.

Жергілікті ауыл және аудан әкімдіктерінен еш толымды жауап ала алмаған сон Шортанды ауылының тұрғыны Ирина Аксенова Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің Ақмола облысы бойынша департаментіне де жүгінген. Аталған ведомство хатты Ақмола облыстық әкімдігіне жолдап, әкімдік ресми жауап та қатыпты.

— Ақмола облысының әкімдігі сіздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жолдаған хатыңыз бойынша осы жылы «Екатеринбург-Алматы-Түрген-Константиновка-Белоярка» автомобиль жолын орташа жөндеуді аяқтауға облыстық бюджеттен 143,6 миллион теңге мөлшерінде қаражат қарастырылғанын хабарлайды. Мердігер ұйым — «Дорстрой материал LTD» ЖШС болды. Қазір жұмыс кестесінен қалып жатыр. Ақмола облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасымен мердігер ұйымға қатысты талап арыз берілді. Сонымен бірге басқармамен аталған жобаны осы жылдың соңына

— Қазір бұл жолға жөндеу жұмыстарын жүргізу Ақмола облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының құзырына өткізілген. Істі орта жолда тастап кеткен мердігер компаниямен келісімшарт үзілген. Енді жаңа сметалық жоба жасау қажет. Бұл жолды осы жолмен жүретін шаруашылық серіктестіктерге қалдырып, жаңа жанама жол салу жайы да қаралып жатыр. Волгоновка селосының жолын жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Келесі жылы аяқталуға тиіс, — дейді Аршалы ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Иван Ратушняк.

Бұдан кейін түйіннің ұшын Ақмола облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасынан іздедік. Басқарма басшылығы үш жылдан астам уақыт жолды жөндемеген мердігерді сотқа беріп, бөлінген қаражатты толықтай қайтарып алғанын жеткізді. Дегенмен үш жыл бұрынғы жоба қазіргі күнге келмейтіндіктен, жұмыс тоқтап қалғанын мойындады.

— Иә, мердігер компания мүлде жосықсыз болып шықты. Сегіз шақырым жол сол күйі аяқталмай қалғаны рас. Мердігер компанияны сотқа беріп, заң негізінде айыппұл төлетіп, бөлінген қаражатты мемлекетке қайтарып алдық. Бірақ енді жолға жөндеу жүргізу үшін жаңа жоба қажет болып отыр. Жаңадан жобалық-сметалық құжаттама жасау керек. Оған кемінде 4-5 ай уақыт кетеді. Сондықтан жөндеу жұмыстарын жүргізу келесі жылға қалып отыр. Егер бюджеттен қаражат бөлінсе, келесі жылы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Расында да, Волгоновка — Бабатай жолдарында Астанаға қиыршық тас таситын 100 тонналық КамАЗ-дар жүреді. Белоярка — Константиновка жолдарында да ірі шаруашылық серіктестіктердің жүк көліктері жүреді. Бірақ біз оған ештеңе істей алмаймыз, — дейді басқарма басшысы Владимир Кулаков.

Ақмола облысы

P.S.

Қысқасы, қысқа жіп күрмеуге келмейді. Жергілікті атқарушы орган да, құзырлы басқармалар да Аршалы ауданындағы халықты алаңдатқан жол мәселесін шешуге қауқар қыла алмайтыны анық болып отыр. Жолдың нақты қашан жөнге келіп, айылын жимай жолдың тас-талқанын шығарған кәсіпорындар қашан тәртіпке келтірілетіні де беймәлім. Жолды жөндеуге енжарлық басып жүргенде оқыс оқиға болып, опық жеп қалмасқ екен дейміз...



– «Дала қасқыры» фильмін жанрынан бастасақ. Кинематографиядағы мұндай жанрдағы фильмдер қазір көрерменнің талғамына сай ма? Олардың арасында қаншалықты өтімділікке ие?

– «Дала қасқыры» бұл – Әділхан Ержановтың авторлық фильмі. Арт-хаус. Бүгінде қарапайым көрермен арасында мұндай фильмдерді көретіндердің қарасы қалың деп айта алмаймын. Бір жағынан оларды қызықтырмауы мүмкін, қазіргі көрермен талғамына да сай келмейді-ау. Олар прокаттан көп табыс әкелмейтіні рас, солай болса да стримингтерге жақсы сатылады. Киносүйер қауым бұл режиссерді жақсы көреді.

– Кино қазақ тұрмысын, қазақтың басындағы күнін сипаттайды деуге келе ме? Өйткені басты кейіпкерлеріне таңдалған есім құлағымызға жат естілді. Жалпы, кейіпкер есімі көрерменді тартуға ықпал ете ала ма?

– Әрине, Әділхан Ержанов түсірген фильмнің барлығы дерлік қазақ халқының басындағы өткендегі, бүгінгі күйін сипаттайды, сол туралы кеңірек дерек береді. Бұл аз десеніз, режиссердің картиналарынан әлемде болып жатқан қазіргі актуалды мәселелерді айқын табуға бола-

ЖАҚЫНДА КИНОТЕАТР ЭКРАНЫНА ШЫҚҚАН РЕЖИССЕР ӘДІЛХАН ЕРЖАНОВТЫҢ «ДАЛА ҚАСҚЫРЫ» ФИЛЬМІ ДҮЙІМ ЖҰРТТЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ТУДЫРҒАНЫ РАС. ӨЙТКЕНІ КИНО КӨРЕРМЕНГЕ ҰСЫНЫЛМАС БҰРЫН РОТТЕРДАМ КИНОФЕСТИВАЛІНДЕ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНЫП, БЕЛЬГИЯДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОФЕСТИВАЛЬДЕ БАС ЖҮЛДЕ ИЕЛЕНГЕН-ДІ. ЖОҒАЛҒАН БАЛАСЫН ІЗДЕГЕН АНАНЫҢ ЖАҒДАЙЫ БАЯҢДАЛҒАН ФИЛЬМГЕ КИНОСЫНШЫЛАРДЫҢ БЕРЕР БАҒАСЫ МЕН АЙТАР ПІКІРІ ҚАНДАЙ ЕКЕНІН БІЛУ ҮШІН ЖАНКЕЛДІ ӨМІРӘЛИЕВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. ОЛ РЕЖИССЕР ЖҰМЫСЫНА ТОҚТАЛЫП, «ДАЛА ҚАСҚЫРЫНЫҢ» КИНО ӘЛЕМІНДЕГІ ЛАЙЫҚТЫ ОРНЫН АЙТЫП БЕРДІ.

Жанкелді ӨМІРӘЛИЕВ,
КИНОСЫНШЫ:

Авторлық ФИЛЬМ КӨРЕРМЕН ТАЛҒАМЫНА САЙ ЕМЕС



ды. Оның өзінің мифологиясы бар. Бүкіл фильмнің оқиғасы Қаратас деген жерде өрбиді, ол жерді Қазақстан деп айтуға да болады.

Ал енді кейіпкерлерге қойылған есімге келер болсақ, әрине ол көп нарсеге әсер етеді. Фильмде қазақ үшін таңсық естілген есімді кейіпкерлердің болуы Әділхан Ержановтың шығармашылығындағы алғашқы дүние емес. Мұндай көрермен назарын аударатын дүние режиссер фильмінде көп кездеседі. Бұл жерде айта кетерлігі, кейіпкер есімі қазаққа жат болса да, жаны қазақ. «Дала қасқырындағы» басты рөлді сомдаған кейіпкер – Брайюк. Менің ойымша, бұл жерде «Брайюк» есімін қоюдың өзіндік сыры жатыр. Ол «бирюк» немесе «бөрік» деген сөзден шыққан. Былайша айтқанда, «жалғыз қасқыр» деген мағынаны білдіреді.

– Ал музыканың рөлі қандай? Молданазар әні Әділхан Ержановтың фильміне ерекше эффект бергендей.

– Дұрыс айтасыз, екі тұлғаның шығармашылықтарының арасында бір-бірін толықтырып отыратын үйлесім бар. Бұл жерде музыканың әр фильмге жан беретінін түсіну керек. Ал Әділхан Ержанов – өзінің кинотуындыларында музыканы көп қол-

«Дала қасқырындағы» басты рөлді сомдаған кейіпкер – Брайюк. Менің ойымша, бұл жерде «Брайюк» есімін қоюдың өзіндік сыры жатыр. Ол «бирюк» немесе «бөрік» деген сөзден шыққан. Былайша айтқанда, «жалғыз қасқыр» деген мағынаны білдіреді.



данбайтын режиссер. Жарыққа шыққан соңғы жұмыстарынан байқағаным, Молданазармен бірге эксперименттер жасап жүр. Бір жағынан бұл шығармашылықта жүрген екі адамның арасындағы ынтымақтастықтың берік екенін көрсетіп отыр. Кино барысында Молданазардың саунды қосылған кезде Әділхан Ержановтың қатыгез қара фильмдеріне жан бітіп, гүлденіп, әсерленіп кететіндей. Өкінішке қарай, кино жұмысына музыканы көп қоса бермейді.

– Қазір кино әлемінде қалыптасқан дәстүр бар деп жатамыз. Көрерменнің ықыласына ие болу үшін хэппи-эндпен аяқтау керек

пе? Бұл дәстүрдің «Дала қасқырында» ерекшелік тұстары байқалды ма?

– Мұндай дәстүр, киноның хэппи-эндпен, фильмнің жағымды оқиғамен аяқталуы деген сияқты фильм соның Голливудтан келген деуге болады. Ал авторлық фильмдердің біразында хэппи-энд кездеспейді. Осы сияқты Ержановтың бірқатар фильмдерінде жағдай осындай. Яғни, кинотуындыларының көбі

ған. Екіншіден, Брайюк пен Тома (Тамара) арасындағы қарым-қатынас тым ерекше. Екі кейіпкер бір-бірін жақсы толықтырады. Сонында екеуі бір адамға айналады десе де болады. Тағы бір айта кетерлігі, фильм арасындағы юмор кино мазмұнын одан әрі аша түскендей.

– «Дала қасқыры» еліміз кинотеатрларына шықпас бұрын, бірқатар фестивальде жүлде алғаны белгілі. Тәжірибенізге сүйе-



жақсы оқиғамен емес, керісінше кино соңында кейіпкерлердің жан тапсыруы, бір-бірінен айырылуы жиі болып жатады. Бұл да бір режиссердің философиясы.

– 102 минуттық хронометражда режиссердің негізі мақсаты, айтқысы келген ойы толық ашылды ма? Көзге түскен негізгі (деталь) кадрларынан атап көрсеніз.

– Иә, бұл уақыт режиссердің негізгі ойын толық ашуға жетті деп айтуға болады. «Дала қасқыры» – классикалық неовестерн, кек алу оқиғасы. Көзге түскен кадрларды айтайын.

Біріншіден, көптеген атакты вестернге референстер жасал-

«сән» десе де болады. Фестивальдердің режиссер үшін де, фильм үшін де маңызы жоғары екенін айтып өту керек. Себебі олар киноның танымалдығын арттырып, прокатқа көмектеседі деп ойлаймын.

– Дәл қазір кинорежиссерлер, сценаристер кино жарыққа шықпай тұрып киносыншы, кинотану мамандарымен қаншалықты кеңеседі?

– Бүгінде көптеген кино шығармашылығындағы мамандар кинотанушылармен етене жұмыс істейді. Арасындағы байланыс бұрынғыдан әлдеқайда жақсарған. Олардың жұмысындағы кем-кетіктерді, олқылықтарды немесе жетпей тұрған нәрселерді киносыншылар, кинематографистер сценарийлерді түзету жұмыстарымен айналысады. Жасырын емес, осы жұмысы үшін табыс та тауып отыр. Ал кейбіреулері, тіпті сол режиссерлердің фильмдеріне де түседі. Мысалы, Кәрім Қалдыбаев, Константин Козлов, Ғалия Байжанова секілді киносыншылар осы Әділхан Ержановтың картиналарындағы эпизодтарда түскен.

– Шығармашылық топтың шетелдік фестивальдерде топ жарған кинотуындысын қалай бағалайсыз?

– Мен «Дала қасқырына» 6,5 деген баға қояр едім. Өйткені бұл фильм Әділхан Ержановтың ең үздік деген авторлық қолтаңбасы бар «Қап-қара адам» немесе «Голиаф» секілді туындыларының қатарына кірмейді. Бірақ нашар дайындалған еңбек те айта алмаймын. Маған ұнағаны фильмдегі кейіпкерлер ғана, ал оқиғасы жағынан бір жаңа лепті сезбедім. Артық кадры көп сияқты ондай жерлерін қысқартып алып тастауға да болар ма еді? Былай айтқанда, әрине көруге тұрарлық фильм.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Нұрлан ҚОСАЙ

КАСПИЙ ҒЗИ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

Бұл тақырыпты қозғап жүргенімізге аз болған жоқ. Тіпті, соңғы бір материалымызда Мемлекет басшысының тапсырмасымен теңізді сақтау мақсатында Каспийдің экологиялық жағдайын зерттейтін Ғылыми-зерттеу институты құрылады деп бөрімізді аспанға атқан едік. «Институттың бас кеңсесі Ақтауда орналасады. Зертхана түрінде Атырауда филиал ашылады. Осылайша, Жайық-Каспий бассейнін толық қамтуға мүмкіндік бар. Мемлекеттен 1,7 миллиард теңге бөлінеді, арнайы кемелер сатып алынады, шетелден білікті мамандар шақырылады» деп сүйіншіледік. Өйткені оған дейін бұл мәселені жергілікті экологтардың көтеріп жүргеніне он жылдың жүзі болған еді. Міне, содан бері 9 ай өтіпті. Институт ашылды деген хабар шыға қоймады. Осы ретте оған жауапты ведомствоға хабарласқанымызда, әлі де болса ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатқанын білдік.

«Институттың құрылуы жоспар бойынша іске асып жатыр. Әділет министрлігіне заңды тұлға ретінде тіркелді. Бүгінде Жарғылық капиталына қатысты мәселе шешілуде. Маңғыстау облысының әкімдігі маусым айында ғимаратын берді. Ол бұрын «Каспий» ӘКК-не тиесілі болған екен. Соны Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы институт балансына алып жатырмыз. Одан бөлек, су шаруашылығы мекемелерінен техникалар мен құрал-жабдықтар берілді. Солардың барлығын Жарғылық капитал есебіне енгізу жұмыстары жүрде. Одан да бөлек атқарылып жатқан жұмыс көп, — дейді Су ресурстары және ирригация министрлігі Ғылым және инновация департаментінің директоры Мүслім Жиенбаев.

Сол кезде хабарлағанымыздай, Ғылыми-зерттеу институты Каспий теңізінің экологиялық, су деңгейінің төмендеу проблемасын, итбалықтар мен балықтардың жаппай қырылу себептерін, Каспий итбалықтарының популяциясын сақтау мәселелерін, ихтиофаунаны, Каспий су айдыны мен жағалауын зерттейтін болады. Сондай-ақ Каспий аумағындағы шекаралас мемлекеттердегі әріптестерімен өзара тығыз іс-қимылды қамтамасыз етпек. Институт Каспий теңізінің экожүйесі туралы шынайы және жан-жақты ақпарат береді. Бұл деректер мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың кешенді шаралар қабылдауына негіз болады. Ғылыми ұйым құру сонымен қатар Каспийді сақтау жөніндегі халықаралық және ұлттық міндеттемелерді толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.

ҚОҒАМДЫ АҚПАРАТТАНДЫРЫП ОТЫРУ ҚАЖЕТ

Елімізде экологиялық іс-шаралардың негізгі легі қоғамдық бастамамен жүзеге асатыны белгілі. Тек жекелеген азаматтардың жанашырлығымен қаншама жұмыс атқарылуда. Солардың бірі — 2019 жылы Орталық Азия экологиялық зерттеулер институтының (CAIER) негізінде құрылған Каспий итбалығын зерттеу және оналту орталығы. Ол — осынау жойылып бара жатқан жануарға ветеринарлық жәрдем көрсететін Солтүстік Каспий теңізіндегі бірден-бір мамандандырылған меке-

Бір қызығы, Каспий итбалығының табиғи ортада жауы жоқ екен. Теңіз флорасы мен фаунасының ішінде ол қоректену бунағының ең ұшар басында тұр. Бірақ сонда да болса жойылып бара жатыр. Неге? Оның көптеген себебі бар. Ал оны сақтап қалу үшін кешенді іс-шаралар қажет дейді мамандар. Ендеше не істеліп жатыр, не істелуі керек?

ИТБАЛЫҚҚА ҚАУІП ҚАЙДАН?



ме. Бұл орталық жарақаттанған немесе ауру итбалықтарды емдейді. Жұмыс жүргізіп жатқан осы жылдар ішінде заңсыз құрылған балық аулайтын ауға түскен, сондай-ақ түрлі ауруға шалдыққан және жарақат алған Қызыл кітаптың 40-тан астам жануарын емдеп, табиғи тіршілік ортасына қайтарған. Осы ретте орталық емдеудің 63 мамандандырылған хаттамасын әзірлеген екен. Осы мақсатта олар мониторинг және зерттеу, экспедициялар, қоғамды ақпараттандыру және сауаттандыру жұмыстарын жүргізеді.

«Біздің орталық итбалықтарға нақты уақыт режимінде мониторинг жасау үшін озық, жеңіл электронды белгі — ен әзірлейді. Салынған ен итбалықтардың орын ауыстыруын және мінез-құлқын бақылауға мүмкіндік береді, осының арқасында оларға не қажет екенін және қандай қауіп төнетінін жақсырақ түсінуге жол ашылады. Орталықтың құрылуына негіз болған CAIER институты 2015 жылдан бастап Каспий теңізіндегі экологиялық ахуалды және соның салдарынан Каспий итбалығы популяциясының азаюын зерттеумен айналысады. Осы уақыт ішінде теңіздегі биоалуантүрлілік саласындағы әлемдік жетекші ғалымдардың қатысуымен 8 халықаралық экспедиция өткізілді. Бұл экспедициялардың деректері осы жануарды Қазақстанның Қызыл кітабына енгізуге негіз болды», — дейді Орталық Азия экологиялық зерттеулер институтының (CAIER) негізін қалаушы, эколог Әсел Тасмағамбетова.

Оның айтуынша, бұл проблеманы шешу үшін қоғамды да тарту керек. Адамдар экологиялық жағынан сауатты болса, теңіз флорасы мен фаунасына жанашырлықпен қарап, оны қорғауға саналы түрде атсалысатын болады. Осы мақсатта орталық тұрақты негізде Каспий итбалығын сақтаудың маңызы және олап болатын қауіп-қатер туралы жұртшылықтың хабардар болуын арттыру мақсатында тиісті іс-шаралар өткізіп келеді екен. Соның ішінде БАҚ арқылы да жұмыстар-

ды жан-жақты жолға қойған. Биылғы 28 маусымда олар Ақтаудың балықшылары мен жергілікті тұрғындары арасында Каспий итбалығының тіршілігі туралы сауалнама жүргізуді бастаған екен. Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының (CISC) гранты аясында өтіп жатқан іс-шара нәтижесінде арнайы әдістеме дайындалатын болады.

ИТБАЛЫҚТАР КҮШКТЕУГЕ ҚАУҚАРСЫЗ

Каспий итбалықтарына 10 жылдан астам уақыттан



бері зерттеу жүргізіп келеді. Сол уақыттан бері олардың көші-қон жолдары, саны, ауру-сырқаулары, таралу аймағы туралы және тағы да басқа көптеген мәлімет жинаған. Соның негізінде көптеген ұсыным дайындаған. Бір өкініштісі, осынау зерттеулер нәтижесінде олар Каспий итбалығы жойылып бара жатқан түрге жатады деген нақты тұжырымға келіп отыр. Сол себепті де мұндағы жұмыстарды тез арада кешенді түрде қолға алу керек. Өйткені соңғы екі ғасырда итбалықтар өміріне қауіп төндіріп тұрған фактор өте көп болып отыр. Ол алғашқыда итбалық аулау кәсіпшілігінен басталса, бүгінде оған теңіздің тартылуы мен бұлғануы, теңіз табанынан мұнай өндіру, интенсивті балық шаруашылығы қосылып отыр. Осылардың салдарынан туындайтын түрлі ластаушы заттар теңіз мақұлығының денесінде жина-

лып, оның түрлі аурудан өлуіне әкеліп отыр. Гидробиология және экология институты мамандары анықтап отырған тағы бір себебі тіптен сорақы.

«Көптеген фактордың ақыры итбалықтар арасында аналық басының қысыр қалу ауруына алып келіп отыр. Яки, экологиялық жағдайдың нашарлауынан олар буаз бола алмайды. Бұл өткен ғасырдың 60-70-жылдарынан басталған. Сол кездің өзінде бұл көрсеткіш Каспий популяциясының 70%-ын құраған болса, қазір тіпті 90%-ға дейін жетіп жығылуы мүмкін. Бұл тұста нақты

аман қалу мүмкіндіктерін анықтау. Бірақ алдын ала пайым бойынша, мұндай мүмкіндік оларда аз болып отыр. Өйткені «жүт жеті ағайынды» демекші, Каспий теңізіне соңғы кезде жаһандық жылыну да қатты әсер етіп, жыл сайын мұз жабынының көлемі қысқарып келеді. Ал ол — итбалықтардың «перзентханасы». Оның үстіне, қысы жылы боп келетін жылдар да жиілеп барады. Итбалықтардың көбеюіне кесірін тигізіп тұрған тағы бір жайт — мұз жарғыш кемелердің көп жүретіні. Олар сонымен итбалықтардың субстраттарын, яки мекендейтін, дамылдайтын, күшіктейтін аралын бұзады. Тіпті, олардың өздерін жанышып кетіп жататын да кездер аз емес.

«Біз бұл мәселелерді шешу үшін өкілетті органдарға көптеген ұсыным беріп келеміз. Бірінші кезекте итбалықтардың көбейетін және дамылдайтын жерлерінде «ерекше қорғалатын аумақтар» құру керек. Ол дегеніміз — мұзды аумақтар. Мұндай аралдарда ешқандай да кеме жүргізуге болмайды. Өкініштісі, біздің елімізде де, көрші Ресейде де мұз жабынының тұтастығы сақталуға тиіс ондай аймақ жоқ. Керісінше, Солтүстік Каспийде теңіз қайраңын игеру қарқынды жүрде. Ал «қорықтар» аумағы бар болғанымен, оны мақсатынан тыс пайдалануға шектеулер қою үшін халықаралық келісімге қол қойылуы керек. Сол себепті қорықта да олардың тыныштығын сақтау мүмкін болмай тұр. Осы ретте тағы бір айтарым, Каспийдегі итбалықтардың 98%-ы көктемгі түлеу кезінде және күзгі мұз қату кезеңін күту кезінде Қазақстанның жағалауына жиналады. Онда олардың ғасырлар бойы қалыптасқан жатақтары мен апандары бар. Сондай-ақ бұл орындар тек бізде ғана сақталып қалған. Ресей, Әзербайжан, Иран, Түрік-мемстанда жоқ. Бұл дегеніміз — еліміздің мойынында табиғаттың осынау бір мақұлығын сақтап қалу жолында қаншама жауапкершілік тұрғанын аңғартса керек», — дейді ол.

Мірғали Төлеуғалиұлы бүгінде бұл жолда жасалып жатқан шаруалардың бәрі өте аз екенін айтады. Әрі баяу жүрде. Каспий теңізі экологиясы институтын тездетіп құрып, мұндағы атқарушы іс-шараларды кешенді түрде жүргізу керек. Осы тұста ҒЗИ-дың кадрлық құрамын дұрыстап жасақтауға көңіл бөлу қажет. Дәл қазір Қазақстанда ондай кадрлық потенциалды табу қиындау. Сондықтан да оны қалыптастыру жолында резерваттың мүмкіндігін пайдалану керек. Мамандар сол жақта жыл он екі ай тұратындай база тұрғызып дұрыс. Одан кейін бірінші кезекте итбалықтарды ерекше қамқорлыққа алу керек. Әсіресе, оларды оналту орталықтарын ашу керек. Өйткені көбіне-көп көктем мен күзде олардың жаппай қырылу жағдайлары жиі кездеседі, әрине оның табиғи себебі де болуы мүмкін. Бірақ егер олардың арасында шалажансар болса да тірідей қолға түскенін емдеп-сауықтырып, қайта өз ортасына жіберер болсақ, бұл да көп нәрсені шешер еді. Каспийманы елдерінің ішінде мұндай орталық тек Иранда ғана бар. Онда бұл істі мемлекет толыққанды жолға қойған. Ал бізде тек жекелеген қоғамдық бастамалардың арқасында ғана жүзеге асып жатыр. Негізінен, CAIER ғана айналысады. Бұл теңізге тамған тамшыдай ғана. Бізге бұл іске мемлекеттің өзі шындап кіріскені керек. Сонда ғана біз жойылып бара жатқан итбалықтарды сақтап қала аламыз едік.

Әлемде сан мыңдап аңғарға қойылып жатқан алып жел генераторы құс әлемінің өмір сүруіне орасан зор қауіп төндіруде. Бұл туралы отандық орнитолог Виктория Кошарь айтып отыр.



Бердібек ҚАБАЙ

ҚҰСТАРДЫҢ

ЖҰМАҚ МЕКЕНІ

Әсілінде, әлемді мекен етушілердің ең көнесі саналатын құстар популяциясы тіршілігінің өзгеруі түрлі апатқа алып келуі ықтимал. Құстар жер бетін тазартушы күшке ие. Егер аспанда қанат жайған кез келген құстың бір ғана түрін жойып алсақ, онымен бірге талай тіршілік иесі жоқ болмақ.

АҚШ-тың жабайы табиғат тіршілігін зерттейтін National Geographic телеарнасы алдағы 100 жылда құстардың 1200-ге жуық түрі жойылып кетуі мүмкін деген болжам жасап отыр. Бұл жер планетасы үшін жойқын апат әкелуі де ғажап емес.

Осы уақытқа дейін орнитолог ғалымдар жер бетінде 428 миллиардтан астам құс өмір сүретіні туралы айтты. Бірақ бұл нақты сан емес. Зерттеулерге сүйенсек, кәдімгі торғай жер бетіндегі ең көп құс деп саналады. Олардың әлемде 1,6 миллиардтан астамы ұшып-қонса, одан кейінгі 1,3 миллиарды кептер болса керек. Бірақ бұл сан соңғы бірнеше жылда күрт азайып кетуі де мүмкін. Түрлі себеппен жойылып кеткен не жойылудың аз-ақ алдында тұрған құс біткенді әлем ғалымдары қорғау қерегін айтып араша сұрағалы да 200 жылға жуықтаған. Бірақ құстардың қырылуы тоқтар емес.

Ғалымдар құстар жойылып кетсе ең алдымен әлемде түрлі өсімдік тұқымының таралуы да азаяды деп түсіндіреді. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, құстар жемістерді шоққан шақтан оның тұқымы өзге қалдықтан аршылып, шіріп кетуден аман қалады. Екіншіден, олар бір жерден келесі орынға өздерінің жемсаулары арқылы тұқым түрлерін тасымалдап, өсімдіктің алуантүрлілігін байытады. Үшіншіден, егістік алқаптарындағы зияды жәндіктерді реттеп отырса, одан кейін адам үшін зиянды құрт-құмырсқадан айналыны тазартып жүреді екен. Бір сөзбен айтқанда, құстар жоқ болып кетсе, жәндіктер популяциясы бақылаудан шығады. Ғалымдардың есебінше, дүниежүзінде құстар жыл сайын адам мен жануарларға қауіп төндіретін 400-ден 500 тоннаға дейінгі қоңыздар мен өзге де құрттарды жейді. Ал қанаттылардың егіншілік саласындағы пайдасын қарапайым диқаннның өзі жүр етіп айтары сөзсіз. Олар болмағанда егіннің шығымы азайып, аштық жайлауы да мүмкін екен. Одан бөлек, құстардың 900-ден астам түрі өсімдікті тозандандыруға көмектеседі.

ОТАНДЫҚ ОРНИТОЛОГИЯНЫҢ АХУАЛЫ ҚАЛАЙ?

Жалпы, құстарды бақылап, олардың ортасын, тіршілік ету аймағы мен ұя салуы және мекен ауыстыруын бақылау осы орнитология ғылымының еншісінде. Біздің елде де азды-көпті орнитологтар бар. Бірақ олардың саны саусақпен санарлық қана. Сала мамандары бұған мемлекеттік деңгейде мән берілмесе болашақта білікті кадр да қалмайды деп отыр. Тіпті, ЖОО-лар қоршаған орта және жабайы табиғат, аңшылықтан тағы басқа деп мамандар даярлағанымен, түлектердің барлығы бірдей орнитология саласына бара бермейді. Ал барды деген күннің өзінде жастарды салаға икемдеп баулымаса, қызықтырмаса, сезіндірмесе, бұл маңғаз кез келгеннің жуықтай қоюы екіталай.

«Әлемнің көптеген елінде жоғары оқу орны орнитологияны жеке маман ретінде оқытпайды. Бұл дара әрі тар мамандықтар қатарына жататындықтан, көбіне осы бағытта геология, биология және аңшылықтану саласы бойынша білім алғандар келіп жатады. Білуімше, Германияда ғылыми

негізде оқытылады. Уақыт өткен сайын орнитология маңызды саланың біріне айналып келеді. Алдағы уақытта маман даярлау ісі де қолға алынары анық. Бірақ келешекке бүгіннен бастап дайындалған жөн», — дейді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Аншылықтану және балық шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты Гүлжан Әубәкірова.

— Кеңес үкіметі құлаған шақта талай мықты орнитолог ала дорба аркалап күн-көрістің қамымен кетті. Сол мамандардан айырылып қалмағанда бүгінде еліміздегі құстарды қорғау мәселесі қазіргіден де жақсы болар еді. Бірақ осы күнімізге де шүкіршілік жасаймын. Өйткені қалай болғанда да Қазақстан құстар дүниесіне бей-жай қарамайтынын мойындау керек, — дейді биология ғылымдарының кандидаты Виктория Кошарь.

«Мен өмірімнің 55 жылын осы құстар әлемін зерттеуге арнадым. Бұрын құстану мамандығын арнайы оқытпағанымен құстанушылар клубы деген болатын. Осы клубтан талай мықты маман түлеп ұшты. Өзім де сол клубтың түлегімін десем болады. Ал біздегі орнитология саласындағы басты мәселе — мамандардың аздығы. Шынын айтқанда, мамандар қартайып кетті. Жастар қажет. Осы екі жылдың алдында маған Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының мамандары хабарласып, жастарға дәріс оқуымды сұрады. Алғашқыда университеттердегі қалыптасқан лекция деп ұқты. Кейін арнайы лагерь құрылып жатқанын естіп қатты қуандым. Себебі мұндай лагерьлерден нағыз маман, шын жанашыр шығады. Екі жылдан бері мен лагерьдің тұрақты тәлімгеріне айналдым. Бытырғы жылы осы жастардың арасынан ерекше көзге түскен екі студентті өз шәкіртім етіп алдым. Биыл зерек балалардың қатары артып отыр. Мен осыған қуанамын. Өйткені бізде орнитолог азайса онда құстардың өміріне қауіп төнуі мүмкін. Ал сырттан келген маман жергілікті дүниетаныммен ешқашан үйлесе алмайды. Міне, сондықтан кез келген маман өз ішімізден осы даланың ауасын иіскеп, топырағын басып өсуі керек», — дейді ғалым, белгілі орнитолог Виктория Кошарь.

Орнитолог ғалым айтқандай, Қорғалжын қорығында Орнитологиялық лагерь екі жылдан бері жұмыс істей бастаған. Қорықтағы Қаражар кордонның тамыз айының 4-11 күндері аралығында қазақстандық студенттерге арналған Орнитологиялық далалық лагерьге арнайы барып, жұмысының бір күнімен танысып қайттық. Жастардың көзқарасын білдік. Бұл іске мұрындық болған — Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығы мен Қорғалжын қорығының әкімшілігі. Лагерьде Атырау, Астана, Алматы, Ақтөбе, Қостанай, Петропавл қалаларынан келген жаратылыстану мамандықтарында оқитын студенттер жүр. Мұнда жастар ең алдымен құстардың түрлерін ажыратып, одан соң сырттай зерттеу тәсілдерін үйренеді. Дәрістерді көпжылдық тәжірибесі бар жоғары білікті дала зоологтары, зерттеушілері мен мамандары жүргізуде.

Еліміздегі белгілі орнитолог, «Қазақстан құстары анықтамалығы» кітабының авторы Виктория Кошарьдан жастардың үйренері де мол. Мұндай тәжірибелі маманның тәлім беруі шынымен қажет-ақ.

«Құстарды түбегейлі зерттей бастағанымда үш жылдың жүзі болды. Талай қызықты да қиын дүниені бастан өткердім. Әрине, жастарды тәрбиелеу керек. Оларды қызықтыра алу ең маңыздысы. Ал бұл саланы кітаппен отырып не мұғалімнің айтқанын тыңдап үйрене салуға болмайды. Бұл салаға бел шешіп келу керек. Себебі уақыттың көбі далада өтеді. Құстарды зерттеумен, олардың тіршілік етуін зерделейміз, санаймыз, жасын есептеп денсаулығын бақылаймыз. Сырттай қарағанда жәй жүрген болып көрінуі мүмкін, түбегейлі бақылап зерттеп, санап шығу ұзақ уақытты талап етеді», — дейді жас орнитолог Құдайберген Әмірқұлов.

ҚҰСТАРҒА ҚАУІП ҚАЙДАН КЕЛЕДІ?

Әзірге біздің елден құстарға келер төтенше қауіп жоқ. Бірақ орнитолог мамандар далада керілген электр сымдары да олардың тіршілігіне едәуір зиян екенін айтып отыр.

«Үлкен құстар керілген жоғары кернеуді байқамай келіп тоққа түсіп жатады. Бүгінде адам саны көбейіп, түрлі зауыт пен үлкен ғимарат салынуда. Одан бөлек, құстың өмір сүруіне қолайлы аймақтар тарайып жатыр. Атап айтқанда, көлшіктер мен шағын ормандар, шалшықты жерлер мен қамысты өлкелер, тау аңғарлары мен ормандар. Бұл құс біткеннің мекені деген сөз. Адам қолымен осының барлығы тегістеліп кетіп жатыр. Мысалы, Астананың іргесіндегі Талдықөл бүгінде сарқылып бітті. Ол жерде талай құстың түрі болған. Қазір олар өзінің тіршілік ету мекенін жоғалтты. Бұл тек бір ғана мысал. Ал әлемде мұндай жағдай мыңдап саналады. Сондықтан кез келген кешенді бастамастан бұрын жан-жақты зерттеу керек», — дейді орнитолог Құдайберген Әмірқұлов.

Қорық инспекторы Жәнісбек Нұрмағанбетовтің айтуынша, қазақ даласы, оның ішінде Қорғалжын қорығы күллі әлемнің құстары үшін жұмақ мекен болып тұр.

«Оңтүстіктен солтүстікке ұя салып балапан шығару үшін сапарлайтын жыл құстарының басым бөлігі аялдайтын жерұйық бұл. Картаға қарасақ, көлі мен қамысы аз дегенде біздің көлдерге бір аптадан он күнге дейін аялдайды. Бұл аумақ адам көзінен де аулақ. Құс үшін мұндай жайлы мекен әлемде саусақпен санарлық қана. Қорық аумағында жиырмадан астам көл мен көлшік бар. Құстар осы көлдерге жиналады. Мұнда отандық туристерден бөлек шетелдік саяхатшы көп келеді. Барлығының мақсаты — жер жүзінен жиналған құстарды бір жерден, бір көлде жүзген шақтарында көру. Бұл енді өзінше бір керемет әлем. Қазірдің өзінде біздің көлдерде 365-тен астам құстың түрі мекендеп жатыр, жыл сайын саны да артып келеді. Сондықтан біз Қорғалжынмен мақтануымыз керек», — дейді мемлекеттік инспектор Жәнісбек.

Қоқиқазға мекен болған қорық шынымен де ерекше. Орнитологтардың жұмысы — осы сынды Қызыл кітапқа енген құстардың тіршілігін бақылап, оларды өз ерекшеліктеріне қарай тану. Бір қызығы, белгі қойылған қанаттылар келесі күзде өзі ғана емес,

отбасы болып оралады екен. Біз орнитологтардың назарына іліккен сыбырлақ қос аққудың 4 бірдей балапанын ертіп, үлкен теңіз көлінің шетінде еркін жүзіп жүрген сәтінің куәсі болдық. Бұл — қос аққу осы жерді үшінші жыл мекен етіпті. Енді, міне көгілдірлерін ертіп жүр. Мамандар бұл аққулардың күз орала кетіп, ерте көктемде қайта оралатынына сенімді.

«Бір күннің ішінде құстардың 35-40 түрін санап дәптерге тіркейміз. Осында жүргенімізге бір аптадан асты. Шамамен 200-ден астам құс түрін зерделедік. Енді осы байқаған құстарды суретке түсіріп, айырмашылығын танып, қай түрге жататынын және шамамен қанша жаста екенін анықтап жатырмыз. Қазір мен ұстаздардың үйретуімен 30-35 құс түрін алыстан көзбен көріп-ақ танып, ажыратып бере аламын. Алдағы уақытта өзімді осы орнитология саласының маманы ретінде шындай түспекпін. Өзім қазір құстардың денсаулығы мен оларға келер қауіпті анықтап жатырмын. Құстарды қорғамасақ, кейбір түрі мүлде жойылып кетуге шақ тұр. Мысалы, мен осыған дейін Қызыл кітапқа енген тарғақ құсын зерттеуге арналған жобаға қатысқанмын. Енді оған қамқорлық жасамасақ, тек кітаптардан ғана көруіміз мүмкін», — дейді қостанайлық студент Серік Амангелдиев.

Ақсұңқар деген құс бар. Өзі өте сулу әрі асқан қырандығымен ерекшеленеді. Кеңес үкіметі құлаған шақта осы құстың сан мыңдағанын араб шейхтері қазақ даласынан еркін тасыды. Қазір бұл құсты кездестіру өте қиын екен. Өйткені оны кезінде үлкен кішісіне қарамай араб асырғанымен құстар ол жакка барып аштан қырылған. Себебі балапан құсты енесі баулымаса аң қалай алмақ? Осылайша, құстың бұл түрі де өкінішке қарай, Қызыл кітапқа еніп отыр.

Әлем құстарына алдымен Киви және Сейшел аралдары мен Таяу Шығыста дамылсыз болатын соғыс үлкен апат болып отыр. Бұл екі арал да құс қайтқан кезде дамылдайтын жолда орналасқан. Ал осыны пайдаланған жергілікті тұрғындар жаппай тұзақ пен тор құрып, құстарды ұстап, теңіз арқылы ірі қалаларға тағам ретінде саудалайды екен. Есеп бойынша топталып ұшқан құстардың әр тізбегінде 100-150-ден қанатты болса, соның осы аралдардан қайта көкке көтерілетіні 30 шақты ғана. Ал соғыс жағдайы қайтқан құстың қонып дамылдауына мүрсат бермейді. Осылайша, қонақ таппаған құстар қанаттары талып, жерге не теңізге құлап қырылуда. Мамандардың тағы бір айтқаны, бүгінде жасыл энергия жүйесін құру үшін өте үлкен жел генераторлары жаппай орнатылуда. Бір қызығы, осы алып құрылыстар дәл осы құстың қайту жолына орнатылады екен. Ғылыми дәлел бойынша тау аңғарлары мен жел өті құс біткеннің жолы болса керек. Ал желі көп жерге мыңдаған генератордың орнатылары арнық. Осылайша, құстар алып құрылысының қанатына тізбегімен келіп соғылып жаппай өлім құшатын көрінеді. Орнитолог ғалымдар құс қайтқан шақта осы генераторларды тым құрығанда уақытша тоқтатудың мүмкіндігін жасаса құстар өміріне адамдардың оң әсер етуі болар еді дейді.

КӨШБАСШЫ ЖАСТАР КӨПШІЛІК ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНДІ

Халықаралық жастар күнінде Талдықорған қаласындағы «Жастар» саябағы думанға бөленді. Әсем әуен әуелеп, күй шалқыған, жастардың жарқын бастамалары көпшілікке таныстырылып, құрбы-құрдастарының алдынан көрінген дарындылар дара шыққан мерекелік шарада облыс әкімінің жыл сайынғы «Көшбасшы-2024» жастар сыйлығының иегерлері марапатталып, «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасының жеңімпаздарына гранттар тапсырылды. Ізденістерімен танылған 10 жастың жаңа бизнес-идеялары грант түрінде қолдау тапты. «Жастар» саябағында өткен мерекелік іс-шара өңірдің түкпір-түкпірінен өздерін түрлі салада танытып жүрген дарынды және креативті жастардың басын қосты.



Болат АБАҒАН

Кездесуде сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов жеңімпаздарды облыс әкімінің атынан құттықтап, өңірдегі жастарды қолдау шараларына тоқталды. Осы қолдаулар ішінде жана бизнес-идеялар мен бастамаларды қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасын ерекше атап өтуге болады. Оны жүзеге асыруға облыстық бюджеттен жыл сайын әр жобаға 3 млн теңгеден, жалпы сомасы 30 млн теңге бөлінеді. Биыл да жастардың арасынан өздерінің бизнес-бастамаларын мойындата алған 10 адам грантка ие болды. Солардың бірі Қуаныш Жақпаев:

— Биыл екінші жыл қатысып отырмын, осы жолы прототиптер жазап, «Бизнес» номинациясы бойынша грант ұтып алдық. Мемлекеттен алған 3 миллион теңгеге әріптестеріммен бірге жобамызды жүзеге асыруға қажетті құрал-жабдықтарды сатып аламыз. Бұл — аса маңызды қадам. Содан кейін біз электр мотоцикльдері мен электр велосипедтерін шығаратын жобамызды одан әрі дамытамыз, — дейді.

Жоба авторы Қ.Жақпаев — I.Жансүгіров атындағы ЖМУ Физика-математика кафедрасының жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің физика пәнінің мұғалімі. Сондай-ақ Қуаныштың замандастары Айнұр Какеева Балаларды түзету және дамыту орталығы, Мейрамбек Омархан SIK ROUTE шунгит өнімдері, Зарина Саудабаева «Балақай» балабақшасы, Айым Сайлаубекова «Инклюзивті білім беру орталығы» жобалары бойынша гранттарды иеленді. Ал мәдениет бағытындағы биылғы грант Назым Уақышоваға берілді. Ол —

Learn house атты балаларды дамытуға арналған жобасын ұсынған екен. Ғылым бағытында «Гидропонды әдіс көмегімен топырақсыз дәнді — дақылдарды 7 күннің ішінде өсіру» жобасын ұсынған Мағжан Ысқақов жеңіске жетті. Ақпараттық технологиялар бойынша Future-IT робототехника шеберханасы жобасымен Дамир Нұркежанов грант ұтты. Сондай-ақ медиа бағытында Батырбек Қайыпбай Жетісу облысының аудан орталықтарына



7Facts әлеуметтік (телевизиялық) саяхат жобасын қолға алса, Мерлен Мұхамедияров «Қабырға принтері — қабырғаларды бояуға арналған жабдық» жобасын жүзеге асыратын болды.

Облыс әкімінің жыл сайынғы «Көшбасшы» жастар сыйлығының иегерлері биыл 15 аталым бойынша марапатталды. Олардың ішінде үздік кәсіпкер, оқушы, студент, спортшы, журналист, қоғам қайраткері, мемлекеттік қызметші, мәдениет, білім және ғылым, медицина, ауыл шаруашылығы салаларындағы жас көшбасшылар бар.

Солардың қатарында Жазира Лиястың Талдықорған қаласындағы Yekip өнер академиясы облыстың ең үздік жастар ұйымы болып танылса, Ақсу ауданында тұратын үлгілі отбасы, төрт бала тәрбиелеп отырған ерлі-зайыптылар Диас пен Назым Билаловтар үздік отбасы атанды. «Жетісудың Көшбасшысы-2024» аталымы бойынша облыстың сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы, ерікті әрі мемлекеттік тілді қорғаушы Ғазиз Аманжолов, ал «Үздік жас патриот» аталымында Ақсу ауданы Қаракөз ауылындағы Б.Садырбаев атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Нұржан Жұмағали жеңімпаз атанды. Үлкен батылдық танытқан Нұржан суға батып бара жатқан екі баланы құтқарып қалған.

Жеңімпаздардың бәрі статуеткалар, дипломдар мен ақшалай сертификаттармен марапатталды. Көшбасшылар атынан сөз алған Қаратал орталық аудандық ауруханасының хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, «Медицина саласындағы үздік жас көшбасшы» номинациясының иегері Арман Әбділдинов өздеріне көрсетілген қолдау үшін алғыс айта келе:

— Қазір білім алған жастар үлкен қалалардан жұмыс табуға тырысады. Бірақ жас мамандар шалғай ауылдар мен аудандарға өте қажет екенін сезінгені жөн. Мен өзім Семейде білім алып, Оңтүстік Кореяда лапароскопиялық хирургия бойынша 4 айлық курсты бітіріп, сонда қалып, жұмыс істеуге мүмкіндік алғандықтан, бар

жинаған білімім мен тәжірибемді туған өлке тұрғындарының игілігіне жұмсауды жөн көрдім. Қаратал ауданында хирург болып жұмыс істеп жатқаным 7 жыл болды. Қолымнан келгенді аянбаймын, ем жасаймын, үнемі біліктілігімді арттырып отырамын. Бүгінгі марапат мен үшін тосын сый болды, — деді ол.

Биылғы конкурса облыс жастарынан 172 өтініш келіп түсіпті. Арнайы құрылған комиссияның шешімімен олардың 15-і өз саласында үздік деп танылды.

Жетісу облысы

Елорда іргесіндегі Мичурино тұрғын үй алабында Батырлар әскери-патриоттық орталығы жұмыс істейді. Шекарашылар күні қарсаңында осы орталық жанынан шекара қызметіне қызығушылық танытқан жасөспірімдер үшін шағын қалашық ашылды.

ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР ҚАЛАШЫҒЫ АШЫЛДЫ



Бұған Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі және «Әскери-патриоттық және іздестіру қозғалысы қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйытқы болған. «Батырлар» әскери мектебі жанынан ашылған нысан өскелең ұрпақты елжанды етіп тәрбиелеуге ықпал етеді дейді мамандар.

«2023 жылы қаңтар бірнеше запастағы офицер, генерал болып осы қоғамды аштық. Қалалық әкімдік Мичуринодағы бұрынғы мектеп ғимаратын бізге 10 жылға берді. Мен қарулы күштерге, шекарашыларға, Ұлттық ұланға хат жазып, осы ғимаратты әскери дайындық өткізуге пайдалануға беретінімізді айттық. Болашақта осы орталықта кадрлар даярлау үшін. Бүгін орталық аумағында шекарашылар қалашығы ашылып жатыр», — деді Әскери патриоттық және іздестіру қозғалысы республикалық қоғамының төрағасы Аманжол Оразбаев.

Шағын қалашық шекара қызметі құралдарымен жабдықталған. Орталыққа балаларды 7-сыныптан бастап қабылдайды және оқу-жаттығу тегін.

«Басқа қарулы күштерге, төтенше жағдайлар, Ұлттық ұлан сарбаздарына есігіміз ашық, орын бөріне жетеді. Балалар орталыққа аптасына үш рет келіп, әскери шынығу жаттығуларын өткізеді. Тағы бір айта кететін жайт, бұл жерге оқушылар мектептен тыс уақытында келеді. Біздің әскери оқытушыларымыз бар. Сонымен қатар былтыр «Арыстан» мамандандырылған орталығымен меморандумға қол қойдық, ай сайын Арыстанның жігіттері балаларға тактикалық және практикалық жаттығу өткізеді», — дейді ол.

Сондай-ақ салтанатты іс-шара барысында оқушылар оқу-жаттығу түріндегі қойылым көрсетті. Сонымен қатар әскери-патриоттық орталықтың техникалық-материалдық базасы таныстырылды.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС
Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нәзім НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com
Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4484
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.